

■ ҚОҒАМ

**АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ АҚТАҢДАҚТАР**

4-БЕТТЕ



■ ТҰЛҒА

**ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ПАТРИАРХЫ**

8-БЕТТЕ



■ ӘЛЕУМЕТ

**ӨСІМДІКТІ ТОПЫРАҚСЫЗ ӨСІРЕДІ**

9-БЕТТЕ

№19
(4143)
Бейсенбі
18 ақпан
2021 жыл

Nur-Sultan

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT

**Қаладағы қоғамдық көліктің жұмысын үйлестіру – ең жауапты жұмыстардың бірі. Жыл сайын тұрғындар саны артып бара жатқан елордамызда жолаушыларды тасымалдау қалай жүргізілуде? Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары осы мәселеге баса назар аударды.**

3-БЕТТЕ




# КӨЛІК – ТІРШІЛІКТІҢ КҮРЕ ТАМЫРЫ

**САНСӨЙЛЕМ**

БИЫЛ ЕЛОРДАДА ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

**1,5 МЛН**

ТЕҢГЕГЕ КӨБЕЙТІЛДІ



**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында елордалық оқушылар 3 наурызға дейін Елбасы кітапханасына экскурсия жасайды.**

Жеке кітапхана қорының негізін Елбасының кітаптары мен оның Қазақстан Республикасында және шетелде шығарылған авторлық туындылары, Тұңғыш Президентке авторлардың сыйға тартқан жазулары бар кітаптар мен басқа да баспа басылымдары, сирек кездесетін, коллекциялық және сыйлық басылымдары, мерзімді газеттер мен журналдар, энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалықтар, библиографиялық көрсеткіштер мен электрондық басылымдар құрайды. Есіл ауданы әкімдігінің бастамасымен ұйымдастырылатын экскурсиялар санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды қатаң сақтай отырып жүргізіледі.



**Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы «ЖасНұр» ведомстволық кәсіпорнының күшімен алғаш рет суға аэрация жүргізуде.**

Су астындағы тіршілікті қамтамасыз ету үшін жасалатын негізгі шарт – оттегі жіберу. Ал жауған қар мен аяз – суасты тіршілігінің басты проблемасы. Себебі су қоймаларында қатқан мұз бен қалың қар оттегі мен жарықтың түсуіне кедергі болады. Бұл балықтардың жаппай қырылуына әкелуі мүмкін. Осы жағдайға байланысты жылда қыстыгүні су астында оттегінің аз мөлшері қалған кезде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «ЖасНұр» өндірістік-шаруашылық кәсіпорны Есіл өзенінде, Қоянды-Астана су қоймасында және Ақбұлақ арнасында мелиорациялық жұмыстар жүргізеді. Атап айтқанда, сорғыш шланг кесілген шахтаға орнатылады және мотопомпа арқылы су астына оттегі жіберіледі. Демек, оттегі көп жіберілсе, өзенде балық та көп болады.

| ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT | $ USD/KZT | ₽ RUB/KZT | ¥ CNY/KZT |
|---|---|---|---|---|
| | 506.28 | 416.62 | 5.68 | 64.55 |

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№19 (4143) 18 ақпан 2021 жыл



## ЕЛБАСЫ

Елбасы – Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев белгілі тележурналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұртілеу Иманғалиұлының қайтыс болуына байланысты ауыр қайғыға ортақтасып, отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтты.

«Нұртілеу Иманғалиұлы саналы ғұмырын қазақ телевизиясының өркендеуіне арнады. Ол қатардағы тілшіден Ұлттық арнаның басқарма төрағасына дейінгі жолдан өткен нағыз майталман маман болатын.

Оның қоғамдағы көкейкесті мәселелерді арқау етіп, әлеуметтік астарын аша білген айшықты авторлық бағдарламалары ұмытылмай, ел есінде қалады.

Шебер жүргізуші, сұңғыла сұхбатшы ретінде эфирдегі ерекше бейнесімен, өзіндік болмыс-бітімімен қалың көрерменді ұйыта білген талантты да танымал тұлға тәуелсіз еліміздің тележурналистикасын дамытуға зор үлес қосты.

Көпшіліктің көзайымына айналып, ықыласына бөленген абзал азаматтың ғибратты ғұмыры мен жарқын бейнесі жұртшылық жадында әрдайым сақталады деп сенемін» делінген жеделхатта.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та қазақ телевизиясының көрнекті өкілі, белгілі журналист Нұртілеу Иманғалиұлының қайтыс болуына байланысты отбасына көңіл айту жеделхатын жолдады.

## ПАРЛАМЕНТ

Парламент дипломаттарға қойылатын талапты күшейтетін заңды қабылдады. Мәжілістің жалпы отырысында палата депутаттары дипломатиялық қызмет мәселелері бойынша құжатқа Сенат енгізген толықтыруларымен келісті.

«Заң жобасын Парламент Мәжілісі 2020 жылғы 30 желтоқсанда мақұлдаған болатын. Биылғы 11 ақпанда өткен Парламент Сенатының жалпы отырысында заң жобасының тұжырымдамасын өзгертпейтін үш өзгеріс енгізілген. Олардың ішінде дипломатиялық қызмет ардагерлерінің қатарына қосылу үшін қажет болатын дипломатиялық қызметтегі жұмыс өтілін 15 жылдан 10 жылға дейін қысқартуды көздейтін түзетулер бар. Келіп түскен өзгерістер бас комитеттің отырысында ҚР Сыртқы істер министрлігі басшылығының қатысуымен жан-жақты қаралды. Осыған байланысты Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті ҚР Парламенті Сенаты енгізген өзгерістермен келісуді ұсынады» деді Мәжіліс депутаты Мұхтар Ерман. Құжатты қарау кезінде палата депутаттары бұл ұсынысқа қолдау білдірді.

## ҮКІМЕТ

БҰҰ рейтингінде 2020 жылы Қазақстанда электронды үкімет деңгейі 10 позицияға жақсарған. Бұл туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің мемлекеттік қызмет департаментінің директоры Елдар Үйсімбаев мәлім етті.

«Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің басты жұмыстарының бірі – мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру. Бүгінгі таңда цифрландыру ел өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Цифрландыру сонымен қатар мемлекеттік қызметті көрсету саласына да оң әсерін тигізді. Қазірге дейін елде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 90 пайыздан астамы электронды форматқа ауыстырылған. Осының арқасында мемлекеттік қызметті көрсету процедурасындағы заңсыздық үш есе азайды. Жұмысымыздың жемісін мынадан көреміз: БҰҰ рейтингінде 2020 жылы Қазақстанда электронды үкімет деңгейі 10 позицияға жақсарған. Қазіргі уақытта Қазақстан 193 мемлекет бар рейтингте 29-орында тұр» деді Елдар Үйсімбаев елордада өткен баспасөз мәслихатында. Оның айтуынша, көпшілік пайдаланбай жатқан мемлекеттік қызметтердің түрлері де бар.

# ЫҚПАЛДАСТЫҚ КЕЛЕШЕГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Total концернінің барлау және өндіру жөніндегі бөлімшесінің президенті Арно Брейякты қабылдады. Akorda.kz хабарлағандай, кездесу барысында көмірсутегі секторындағы бірқатар жобаны жүзеге асыру мәселелері, Қазақстан мен Total концерні арасындағы ықпалдастықтың алдағы келешегі, сондай-ақ, жаңа инвестициялар тарту мүмкіндіктері талқыланды.**



Арно Брейяк Қасым-Жомарт Тоқаевқа концерннің жасыл технологиялар бағытындағы жұмысын трансформациялау жоспары туралы айтып, кәсіпорынның атауын TotalEnergies деп өзгертуге ниетті екенін жеткізді. Сонымен қатар француз кәсіпкері концерннің Қазақстандағы мұнай-газ саласы бойынша, соның ішінде Қашаған кен орнындағы екінші фазаны іске асыру аясындағы ірі жобаларға, сондай-ақ, жаңартылатын энергия көздері бағытындағы бірқатар жобаға инвестиция салуға дайын екенін нақтылады.

Мемлекет басшысы мұнай-газ концернінің даму стратегиясын өзгерту жөніндегі шешімін құптап, Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бойынша бейтараптыққа қол жеткізуге бейілді екенін айтты. Кездесуде Арно Брейяк Қасым-Жомарт Тоқаевқа компанияның Каспий және Оңтүстік-Еуропа аймағы бағытындағы бөлімшесінің жаңа вице-президенті Кристин Хейлиді таныстырды.

# ЖҮК КӨТЕРГІШТЕРДІ ӨЗІМІЗ ШЫҒАРАМЫЗ

**Елордада алғаш рет құрылысқа қажетті жүк көтергіш кран шығаратын өндіріс іске қосылды.**

Кеше Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов бас қаладағы тұңғыш рет жүк көтергіш жасалған цехтың жұмысымен танысты. Бұрын мұнаралы жүк көтергіштерді шетелдерден тасымалдау қымбатқа түссе, енді бұл өнімді өзіміз шығарамыз. Бұл туралы қала басшысы өзінің Instagram парақшасында баяндады.

«Құрылыс индустриясындағы отандық өндірушілерді қолдауға бағытталған «қарапайым заттар экономикасы» жобасы аясында елордада алғаш рет құрылыс крандарын өзіміз шығара бастадық. Бүгін елордадағы алғашқы кран жасалған цехқа бардық. Құрылыстың басты драйвер екенін ескерсек, отандық материалдар өндіру біз үшін өте маңызды. Былтыр 3 млн шаршы метр тұрғын үй салып, пайдалануға бердік. Айталық, 7 мыңнан астам әлеуметтік пәтер салдық, биыл бұл көрсеткішті арттырамыз. Бұл салада да өндірісті қолдаймыз» деп жазды Алтай Көлгінов.

Әкімнің жазғанындай, алғашқы құрылыс крандарын «Лашын Фактори» ЖШС компаниясы шығара бастады. Бұл компания «Астана – жаңа қала» АЭА мүшесі, №1 индустриалдық паркте орналасқан. Кәсіпорында отандық лифтілер де шығарылады. Қазір кәсіпорынды кеңейту бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл туралы қала басшысы: «Осы лифтілер ЭКСПО-2017 көрмесі кезінде қолданылып, мемлекеттік бағдарламалар бойынша салынған тұрғын үй кешендеріне де орнатылды» деп жазды.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, инвесторларға қолайлы жағдай жасап, инвестициялық ахуалды жақсарту үшін жұмыс істейміз. Пандемияға қарамастан, былтырдың өзінде 1 триллион теңгеден астам жеке инвестициялар тартылды. 111 инвестициялық жоба қолдау тапты. Біз бірінші кезекте қала тұрғындары мен қалаға қажетті жобаларды қолдаймыз. Олардың қатарына өнеркәсіп, логистика, сауда және т. б. салалардағы әлеуметтік нысандар кіреді. Аталған жобаларды жүзеге асыру 18 мыңға дейін жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді» деп түсіндірді А.Көлгінов.



# ҚАЛАНЫ БІРГЕ ДАМЫТАМЫЗ

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында «Birge» сайты іске қосылғанын, енді осы арқылы елорда тұрғындарынан ұсыныстар қабылданатынын мәлімдеді.**

«Өздеріңіз білетіндей, елордамыздың аудандарын полиорталық қағидаты бойынша дамытудамыз. Бұл дегеніміз – қадамдық жақын жерде орналасқан әлеуметтік нысандар, уақыт өткізуге арналған абаттанған орындар, инфрақұрылымы дамыған, жасыл бақтары бар қала. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы қаланы дамыту бойынша ұсыныстарыңыз келіп түсуде. Бұл бізді қатты қуантады. Осы жұмысты жүйелеу және елорданы сіздермен бірге дамыту үшін «Birge» сайты іске қосылды» дейді Алтай Көлгінов.

Сайтқа қала тұрғындары әртүрлі бағыт бойынша ұсыныстары мен пікірлерін қалдыра алады. Апатты жағдайдағы ескі тұрғын үйлерді сүру, экология, газдандыру, көгалдандыру, қоғамдық кеңістік, көшелерді жарықтандыру, жануарларды қорғау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, білім беру, қауіпсіздік, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, урбанистика – қалалық орта, бизнес, көлік, санитарлық тазарту секілді санаттар жеке қарастырылған.

Платформаның жұмыс істеу процесі қарапайым: бірінші – идеяны ұсыну, екінші – іріктеу, үшінші – жобаны жүзеге асыру батырмаларын бассаңыз болғаны. Тұрғындардың ең маңызды мәселелері мен тиімді ұсыныстарын әкім өз қадағалауына алып, жүзеге асыратын болады.

Еске сала кетсек, Алтай Көлгінов бұған дейін елорданың «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» жобасы аясында дамитынын айтқан еді.

## АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

### АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Ақтөбедегі Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары Айкен Алтай мен Айдана Кенжебаева сәби өмірін сақтап қалатын «Savvywindow» ақылды терезесін ойлап тапты. Терезені ашу үшін арнайы құпия сан сұралады. Ашқан соң сигнал қайта түсіп, терезені лезде жабуға мүмкіндік бар. Яғни 90 см аумақта дыбыс сезілсе, күрт құлыпталады.

### АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Атырау қаласында 17 спорттық нысан пайдалануға берілді. Оның ішінде 5 футбол, 2 баскетбол, 6 балалардың ойын алаңы мен 4 воркаут бар. Сондай-ақ қала маңындағы Томарлы елді мекені мен Геолог шағын ауданында спорт кешенінің құрылысын салу үшін жобалық-сметалық құжаттама жасақталып жатыр.

### БҚО

Облыстық жедел жәрдем қызметі 20 реанимобильмен толықты. Соның ішінде 7 автокөлік Бөкей ордасы, Бөрлі, Қазталов, Тасқала және Шыңғырлау аудандарының тұрғындарына жедел көмек көрсету үшін аудандық стансаларға жіберілді. Осылайша соңғы алты айда облыста 57 жаңа жедел жәрдем көлігі сатып алынды.

### ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Тараз қаласында «Taraz24» коммерциялық телеарнасы көрерменге жол тартты. Ақпараттық бағыттағы телеарнада осы салада талай жылдық тәжірибесі бар мамандар мен креативті жастар топтасты. Телеарна тәулік бойы хабар таратады. Қазіргі таңда арнада «Тәуелсіздік шежіресі», «TarazLike», басқа да 30-ға жуық жоба ашылды.

### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

«Аралтұз» АҚ қызметкерлерінің жалақысы өседі. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Аралтұз» АҚ компаниясының басшылығы қызметкердің табысынан 1 пайыз мөлшерінде алынатын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарының қосымша ұлғаюын өтеу туралы шешім қабылдады.

# ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚҚА – ОТЫЗ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШАРА

**Кеше елордада «Ел Тәуелсіздігінің отыз жылдығын атап өтуде азаматтық сектордың рөлі» деген тақырыпта кездесу өтіп, оған Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен, Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Болат Тілепов және бас шаһардағы үкіметтік емес ұйымдар өкілдері қатысты. Басқосуға жиналғандар Тәуелсіздіктің отыз жылдығын атап өтуге қатысты ұсыныстарды талқылады.**



Азамат ЕСЕНЖОЛ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен Тәуелсіздіктің отыз жылдығын мерекелеуге қатысты көптеген елеулі іс-шаралар басталғандығын айтты.

– Бірақ онда ауқымды той-томалақ өткізу емес, ең бастысы: маңызды қайырымдылық акциясы арқылы әлеуметтік көмек ретінде тұжырымдаманы бекітіп отырмыз. Онда отыз игі қайырымдылық іс-шарасын ұйымдастырып, соның ішінде әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға, жалғызбасты аналарға және әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарға көмек жасаймыз.

Бас қаланың маңызды мәселелерін шешуде жергілікті атқарушы органдар мен азаматтық қоғам өкілдері арасында артылып отырған сенім мол. Өткен жылдары елордада азаматтық қоғамды қолдау, оларды маңызды міндеттерге жұмылдыру ісінде іргелі жұмыстар жүргізіліп, әлеуметтік саясаттың басымдылығы қалыптасты. Атап айтқанда, «Астана – адалдық алаңы», Нұр-Сұлтан қаласының азаматтық бастамалар орталығы, «Жанұя» қолдау институты, аға буынмен сабақтастықты нығайту және тәлімгерлікті дамыту бағытында «Белсенді ұзақ өмір» орталығы ашылды. Алдағы таңда жасы үлкен кісілерге арналған осындай орталықтар әр ауданда ашылады. Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыстар бойынша қаржыландыратын ұзақмерзімді жобалар саны 8-ге жетті. 2018 жылмен салыстырғанда азаматтық қоғам институттарының белсенділігі үш есеге ұлғайып, 700-ді құрады. Әрине, үкіметтік емес ұйымдар санының көп болғаны да жақсы. Дегенмен олардың сапалы жұмыс істегеніне мән беріп, талдау жүргізу қажет. Біз де өз тарапымыздан олардың белсенділігін арттыруға барынша қолдау көрсетеміз, – деді қала әкімінің орынбасары.

Сондай-ақ Бақтияр Мәкен карантиндік шараларды сақтай отырып, өркениетті қоғамға жаңа ұсыныстар әзірлеу керек екендігін атап өтті.

– Пандемия әлі де жалғасуда, бірақ біз оған үйреніп қалдық, адамдар өз қауіпсіздіктерін қалай сақтау керектігін біледі. Алайда қоғам қауіпсіздік сақтауда дұрыс бағыт алуы үшін бәрімiздің жұмысымызға ортақ белгілі бір идеология қажет. Қоғам – бұл барлық жастағы азаматтар. Осыған байланысты күш біріктіріп, елорданың мәдени кодын құру керек. Қаламызда болып жатқан әлеуметтік-қоғамдық шаралардан ешкім тыс қалмауы үшін біздің алдымызда белсенді азаматтық қоғам құру мәселесі тұр, – деді Б.Мәкен.

Одан кейін сөз алған Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Болат Тілепов кездесу тақырыбының маңызды әрі өзекті екендігін айта келіп, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдеріне мемлекет пен әлеуметтік ауыр жүгін бөлісіп жүрген азаматтық үлестері үшін алғысын білдірді.

Сонымен бірге жиында үкіметтік емес ұйымдар өкілдері сөз алып, өздері атқарып отырған жұмыстарының бағыттары бойынша баяндады. Белгілі мәдениеттанушы Серік Ерғали «Наурыз» мерекесін жаңа форматта атап өтуге байланысты өз ұсынысын жеткізді.

# КӨЛІК – ТІРШІЛІКТІҢ КҮРЕ ТАМЫРЫ

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Елордалық мәслихат депутаттары «City Transportation Systems» компаниясының жұмысымен танысып, аталмыш саладағы түйткілді мәселелерді талқылады.

– Бүгін қаланың жол-көлік жүйесіне қатысты толыққанды ақпарат алдық. Оның барлығын алдағы уақыттағы отырыстарда тағы да көтеретін боламыз. VeloBike жобасы бойынша 2018 жылы қалада 150 велостанция болса, бүгінде – 155, яғни 3 жыл ішінде бес станция қосылған. Бұл көрсеткішті арттыру қажет. Себебі қаланың көлік жүргізушілеріне емес, жалпыға жайлы болуы маңызды, – деді Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов.



«CTS» компаниясының басқарма төрағасы Бекмырза Игенбердинов күн тәртібінде қоғамдық көлік жүргізушілерінің саны мен біліктілігін арттыру міндеті тұрғанын атап өтіп, қанатқақты жобаларымен таныстырды.

– Қазіргі таңда елордада 700 қоғамдық көлік жүргізушісі бар. Автобус жүргізушілерінің жетіспеушілігі байқалады. Осы бағытта жұмыстар атқарылуы тиіс. Өткен жылы жол ережесінің бұзу жағдайларын автоматты түрде анықтап, фиксация жасайтын жүйені автобустарға енгізіп көрдік. Жоба қанатқақты режимде жүзеге асты. Енді соны биыл қолға алудамыз, алдағы уақытта 15 қоғамдық көлік аталмыш жүйемен жабдықталады. Бұл жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған. Мәселен, жеңіл көлік автобус жолағына өтіп кетсе, көлік нөмірін, сол мекенжайды автобус автоматты түрде анықтап алып, диспетчерге жолдайды. Нәтижесінде жол ережесін бұзған адам айыппұлға ілігеді. Автобус жолағына ғана қатысты емес, жалпы жол ережесін сақтауға мүмкіндік береді. Келесі мәселе – қоғамдық көлікте жол ақысын төлемейтіндер саны артпаса, азаймай тұр, кей тұрғындар тексеруші келген кезде ғана төлем жасайды. Оның барлығы – біздің бақылауымызда. Алдағы уақытта СМС-төлем тоқтатылады. Оның орнына мобильді қосымша арқылы төлеу іске қосылады, – деп атап өтті «CTS» компаниясының басқарма төрағасы Бекмырза Игенбердинов.

Жиын соңында депутаттар аталмыш саладағы күрмеулі мәселелердің шешімін табуға уәде берді.

## СҚО

Петропавлда сатушысы жоқ дүкен ашылды. Қайырымдылық дүкенінен қиын жағдайға тап болған немесе тұрмысы төмен отбасылар өзіне керектің бәрін тегін ала алады. Бұл жерде киім-кешек қана емес, тұрмысқа қажетті заттар да бар. Әлеуметтік жобаның авторы – Петропавл тұрғыны, кәсіпкер Петр Вагнер.

## ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Сарыағаш ауданында егін егу науқаны басталды. Қазіргі таңда аудан аумағында 315 га жерге қырыққабат және 130 га жерге картоп егілді. Сонымен қатар, осы жылдың дәнді дақылдар өнімі үшін 30 мың га жерге күздік бидай себілді. Биыл ауданда жалпы 70 мың гектарға жуық жерге егін егу жоспарланып отыр.

## ШҚО

Облыста «102» мобильді қосымшасы іске қосылды. Қосымша арқылы хабарлама жазып, оқиға орнында түсірілген фотосуреттер мен бейне түсірілімдерді жіберуге болады. Сондай-ақ бейне немесе аудиоқоңырау шалу мүмкіндігі де бар. Жоба қанатқақты режимде сынақтан өткен. Жаңа сервисте азаматтар полицияға тәулік бойы хабарласа алады.

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



### БАЙДЕН ҚЫТАЙҒА ЕСКЕРТУ ЖАСАДЫ

**АҚШ президенті Джо Байден Қытай билігінің адам құқықтарын бұзуы жауапсыз қалмайды деп мәлімдеді. Милуокиде (Висконсин) өткен жиында Байден Гонконг, Шыңжаңдағы ахуал және Тайваньдағы жағдайды қатаң айыптады.**

Бұған дейін АҚШ-тың экс-мемлекеттік хатшысы Майк Помпео Қытайдың Шыңжаңдағы әрекетін геноцид деп таныды. Кейіннен АҚШ-тың жаңадан сайланған мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен де Помпеоның сөзін қолдайтынын білдірді. Бейжің билігінің Шыңжаңдағы әрекеттерін геноцид деп тану – Трамп үкіметінің биліктен кетер алдында Қытайға қарсы соңғы шарасы.



### ІНДЕТТІҢ БЕТІ ҚАЙТҚАН ЖОҚ

**Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бүкіл әлемде COVID-19 індетін жұқтыру көрсеткіші 17 пайызға төмендегенін жариялады. Бұл үрдіс 6 аймақта тіркелді.**

ДДҰ мәлімдемесіне қарағанда, Африкадағы, Америкадағы, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы, Еуропадағы, Шығыс Жерорта теңізі мен Тынық мұхитының батысындағы елдерде індет жұқтыру салыстырмасы төмендей бастаған. Дегенмен вирустың жаңа нұсқаларына қатысты алаңдаушылық күшейіп келеді.



### МАРСТА ТІРШІЛІК БАР МА?

**NASA-ның бесінші ровері 18 ақпанда Марсқа қонады. Агенттіктің Оңтүстік Калифорниядағы реактивті қозғалыс зертханасының инженерлері ғарыш кемесінің 18 ақпан күні сағат 15:55 шамасында Марстың Джезеро кратеріне қонатынын растады.**

NASA-ның бұл реткі сапары Марста бұрын-соңды тіршілік болған-болмағанын білуге бағытталған. Джезеро кратері – Марстағы қонуға ең қиын жер. Ғалымдар Джезеро кратерінде ежелгі көл болған деп сенеді. Зерттеушілердің айтуынша, ол маңда миллиардтаған жылдар бұрын тіршілік нышаны болуы мүмкін. Аталған ғаламшарға қону өте қиын, қазірге дейін Марсқа қону жоспарының шамамен 50 пайызы ғана сәтті болған.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

№19 (4143) 18 ақпан 2021 жыл

www.astana-akshamy.kz

# АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ АҚТАҢДАҚТАР

**Ұлттық Академиялық кітапханада «Азаттық жолындағы ақтаңдақтар: ашаршылық зардаптарына шынайы тарихи көзқарас» тақырыбына арналған дөңгелек үстел өтті. Үкімет мүшелері, сенаторлар қатысқан жиында қазақстандық және шетелдік белгілі ғалымдар ашаршылықтың зардабы, себебі мен салдары туралы пікірлерін білдіріп, кеңінен талқылады. Алқалы басқосуда Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев сөз сөйледі.**

Өздеріңізге белгілі, биыл Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Осы мерейлі датаға орай елімізде ауқымды іс-шаралар қолға алынып жатыр. Арнайы мемлекеттік комиссияның алғашқы отырысында бұл бағыттағы біраз мәселе талқыланып, пысықталды. Сол жиында Президентіміз 30 жылдыққа мерейтой ретінде қарамай, оған идеологиялық мазмұн берудің маңызды екенін баса айтты. Сондықтан осы бағыттағы іс-шаралар халыққа рухани серпіліс әкелуі керек.

Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, бұл тарихи меже елдің жаңа келбетін, ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруға жұмыс істеуге тиіс. Мемлекет басшысы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында да ұлттық тұғырымызды нығайтудың нақты бағыт-бағдарын айқындап берді. Осы мақалада жетістіктерімізбен бірге, тарихымыздың ақтаңдақ беттері де назардан тыс қалған жоқ. Ұлт жадынан өшіруге болмайтын сондай қасіретті кезеңдердің бірі өткен ғасырдың басындағы ашаршылық екені анық. Бұл мәселеге тоқталған Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды жинап, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек» деген пікірін білдірді. Сондықтан бүгін өздеріңізді арнайы шақырып, осы тақырыпты талқылау үшін бас қосып отырмыз.

Жалпы, ашаршылық Кеңес өкіметі кезінде жабық тақырыптардың бірі болды. Тек тәуелсіздіктің арқасында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен тарихымыздағы ақтаңдақтар мемлекеттік деңгейде көтеріле бастады. Бұл бір отбасының ғана емес, сол кездегі тұтас халықтың басына түскен алапат қасірет екені сөзсіз. Осындай азалы жылдарда құрбан болған бабалар рухына тағзым ету – біздің перзенттік борышымыз. Осы мақсатпен 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді. Міне, биыл 1921-1922 жылдардағы ашаршылыққа 100 жыл толып отыр. Алапат нәубеттің 30-жылдардағы екінші кезеңіне де 90 жылдың жүзі болды. Тәуелсіздігіміздің айтулы белесінде бұл мәселеге мемлекет тарапынан қайтадан басымдық берілуі өте орынды.

Осы орайда ашаршылық тақырыбын көтеру бізге не үшін қажет деген заңды сұрақ туындайды. Бұл, ең алдымен, қастерлі Тәуелсіздігімізді нығайту үшін керек. Өйткені қазір әлемдік ахуал өте күрделі және құбылмалы екенін көріп отырмыз. Күн өткен сайын қарама-қайшылықтар тереңдеп, түрлі қақтығыстар қарқын алып келеді. Еліміздің егемендігіне де төнетін сын-қатерлер жоқ емес. Дәл осындай жағдайда Тәуелсіздігімізді мызғымастай берік ету – біздің басты міндетіміз. Сол үшін оның қадіріне жете білуіміз қажет. Ал Тәуелсіздікті қадірлеп, ұлықтау төл тарихымызды және оның шешуші кезеңдерін терең танудан басталады.

Кейде егемендікті өздігінен бола қалған оқиға ретінде бағалайтындар бар. Бірақ еркіндік бізге




***Тәуелсіздігімізді мызғымастай берік ету – біздің басты міндетіміз. Сол үшін оның қадіріне жете білуіміз қажет. Ал Тәуелсіздікті қадірлеп, ұлықтау төл тарихымызды және оның шешуші кезеңдерін терең танудан басталады***

оңайлықпен келген жоқ. Оның жолында бабаларымыз қасық қаны қалғанша шайқасып өтті. Бостандық үшін халқымыз ауыр азапқа, сансыз сынаққа төзе білді. Көптеген азаматтарымыз тәуелсіздік жолында құрбан болды. Міне, мұны түсінген азамат Тәуелсіздіктің бағасын да біледі. Оны нығайтуды өзінің міндеті санайды.

Сондай-ақ ашаршылық тақырыбын зерттеу тәуелсіз тарихи сананы қалыптастыруға мол үлесін қосады. Тарихи сана өткен оқиғаларға қатысты ұжымдық көзқарастан туындайды. Ал ортақ тарихи таным біртұтас ұлттық сананы қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл, түптеп келгенде, мемлекеттігімізді және тәуелсіздігімізді күшейтетін шешуші фактор екені сөзсіз. Ашаршылық тақырыбы тарихтан тағылым алу үшін де қажет.

Біздің жүріп өткен тарихымыз – өрлеген кезеңдермен бірге тақсіретке де толы тарих. Сондықтан оның ащы-тұщы тағылымы мол. Осыған орай өткенімізді терең пайымдап, озық тұсымыздан өнеге тауып, қиналған сәттерден қорытынды шығаруымыз қажет. Тарихымызды даурықпа дау үшін емес, дамылсыз даму үшін пайдалануымыз керек. Расында, кешегіміз арқылы бүгінімізді бедерлеп, болашағымызды бағдарлай аламыз. Сол арқылы ұлт ретінде жолымыздың даңғыл болатыны анық. Біздің ашаршылық тақырыбын жаңаша зерделеуіміздің себебі осы аталған факторлардан бастау алады. Президентіміздің бұл мәселені көтеруінің негізгі мән-маңызы да осында жатыр.

Құрметті қауым! Алапат ашаршылық – ешкімді бейжай қалдырмайтын тақырып. Сондықтан осы нәубетке қатысты қоғамда сан алуан пікір қалыптасқаны белгілі. Дегенмен біз, бірінші кезекте, ғылыми көзқарасқа басымдық беруіміз керек. Себебі халқымызға ашаршылықтың ащы ақиқатын ғалымдарымыз ғана ашып, дәлелді түрде жеткізе алады. Осы бағыттағы зерттеулер тәуелсіздік алған тұстан бастап табанды жүргізіліп келеді. Бұл жұмыстардың басында академик Манаш Қозыбаев бастаған бір топ ғалымдарымыз тұрғаны баршаңызға аян. Соның нәтижесінде көптеген зерттеулер қолға алынып, архивтерден құнды деректер жиналды. Маңызды еңбектер жарық көрді. Ол жұмыстарға осы жерде отырған біраз ғалымдарымыз да қатысты. Сол үшін сіздерге алғысымызды білдіреміз.

Жалпы, тарихи тақырыптарға қатысты қоғамдық ой ғылыми пікірге негізделуі керек. Осынау нәубет жылдардың ашылмай, тасада қалған тұстары әлі де болса көп. Мұндай жағдай орынсыз болжамдарды көбейтіп, қоғамды ашаршылық ақиқатынан алыстата түседі. Сондықтан ашаршылық тақырыбына қатысты жүйелі, тарихи фактілерге сүйенген терең әрі жан-жақты зерттеулер керек деп есептейміз. Бұл, әрине, өздеріңіз секілді кәсіби мамандарға үлкен жауапкершілік жүктейтіні түсінікті. Ең алдымен, тиісті архив деректеріне қол жеткізу, оларды жүйелеу және мұқият зерделеу – басты мақсаттардың бірі. Өйткені ғалымдарымыз көптеген архив материалдарының әлі де болса ашылмағанын айтып жүр. Сонымен қатар, өңірлермен және ондағы ашаршылық тақырыбын зерттеп жүрген ғалымдармен тығыз байланыс орнатудың маңызы өте зор. Ортақ жұмысқа оларды да жұмылдырған жөн. Себебі еліміздің барлық дерлік өңірі ашаршылықтың зардабын тартты. Оған түрлі тарихи құжаттарда келтірілген деректер дәлел бола алады. Мысалы, Тұрар Рысқұловтың қазақ даласындағы ауыр жағдай туралы жоғарыға жазған хаты бәрімізге белгілі. Сонда ол Сыр өңіріндегі кейбір ауылдарда аштықтың салдарынан халықтың 15-20 пайызы ғана қалғанын айтып, дабыл қағады. Өңірлердегі мәліметтерді зерделеу мәселенің себебі мен салдарын айқындай түсуге септігін тигізетіні сөзсіз. Адам шығынына қатысты мәліметтерді нақтылауға да зор мүмкіндік туатыны анық. Сондықтан бүгінгі дөңгелек үстелге біз өңірлерден де ғалымдарды қатыстырып отырмыз.

Көршілес елдердің архив материалдарымен жіті танысуға да баса мән берген жөн. Бұл қадам ғылыми зерттеулердің аясын едәуір кеңейтуге жол ашады. Алапат аштықты бастан кешкен «ғасыр нәубеті» куәгерлерінің түрлі естеліктерін жинақтау да маңызды. Мәселен, Мекемтас Мырзахметұлының «құндақтағы қарындасы» жайлы аянышты оқиғаны баршаңыз білесіздер. Ел есіндегі мұндай жайттарды жазып алу жадымызды жаңғыртады. Осы айтылған бағыттарда мемлекеттік органдар Сіздерге қолдау көрсетеді деп ойлаймыз.

Құрметті ғалымдар және зиялы қауым өкілдері! Ашаршылық – өте күрделі тақырып. Сондықтан алдымызда тұрған тағы бір міндет – ашаршылықтың сан түрлі себеп-салдарын зерттеп, сол кезеңдегі шынайы шындықты қалпына келтіру. Объективті ғылыми қорытынды жасау үшін сол кездегі кеңестік жүйені толықтай қамтуымыз керек. Сол тұстағы большевиктік биліктің мақсаты, жоспары қандай болды, оны қалай жүзеге асырды, қандай қателіктері болды деген сауалдарға нақты жауап іздеуіміз қажет. Ол кездегі саяси және экономикалық ахуалдың қандай болғанын, сондай-ақ, таптық күресті де жан-жақты сараптаған жөн.

Ашаршылыққа табиғи жағдайдың да зардабы тигені белгілі. «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен» демекші, жергілікті шолақ белсенділердің де жағдайды ушықтырғанын білеміз. Мұның барлығын тиянақты зерттемей, ашаршылықтың себеп-салдарына әділ баға беру мүмкін емес. Біз ашаршылықтың екі кезеңіне де осындай кешенді көзқараспен келгеніміз абзал. Мәселен, 20-жылдардағы ашаршылыққа көбіне әскери коммунизм, азамат соғысы, күйреген жүйе және табиғи жағдай себеп болды деп айтылады. Ал 30-жылдардағы ашаршылыққа келер болсақ, бұл тоталитарлық жүйенің қате саясатының салдары екені анық. Өйткені біржақты тәркілеу және ұжымдастыру саясаты дайын емес ортада жүргізілді. Жоспарлау ісінде жергілікті жердің тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылық жүргізу формасына қатысты объективтілік болған жоқ. Оған дәлел жетіп артылады. Мысалы, орталық билік индустриалды даму жағынан 50-100 жылға алға кетіп қалған батыс елдерін 5-10 жылда қуып жетеміз деген идеяны көтерді. Осындай ешқандай ғылыми негізі жоқ, тұтас елдің және өңірлердің ерекшелігі ескерілмеген шешімдер үлкен қасіретке алып келді. Соған қарамастан тоталитарлық режим көздеген мақсатқа жетуден тайынбады. Тіпті, осы жолда адам өмірі де есепке алынбады. Осындай жүйесіз әрі қатігез саясат салдарынан елімізді жаппай аштық жайлады.

Ғалымдарымыз ашаршылық 2,5 миллиондай адамның өмірін қиды деп айтып жүр. Бұл мәліметтерді де мұқият зерттеп, нақтылау керек. Жалпы, осы нәубет жылдарында біз халқымыздың жартысына жуығынан айырылып қалдық. Бір миллионан астам халық көршілес елдерге босып кетуге мәжбүр болды. Мал басының саны он есеге қысқарғанын білеміз. Бұл жағдай мыңдаған жылдық тарихи тамыры бар дәстүрлі тұрмысымызды айтарлықтай күйретті. Тіпті, ұлт ретінде жойылып кету қаупі төнгені де белгілі.

Тоталитарлық режимнің осындай озбыр саясаты Кеңес Одағының құрамында болған елдердің бәрінде жүргізілді. Соның салдарынан Қазақстанмен қоса, Украина, Беларусь, Молдова, Ресейдің бірнеше аймағы, оның ішінде Еділ бойы, Солтүстік Кавказ халқы аштыққа ұшырады. Ғалымдардың мәліметіне сүйенсек, 30-жылдардағы аштықта Кеңес Одағында жеті миллионнан астам адам көз жұмған. Осы тұрғыдан алғанда, аштықты белгілі бір ұлтқа қарата жасалған қылмыс деп айтуға келмейтін шығар. Бұл – ең алдымен, сол кездегі билік жүйесінің қате саясатының ауыр салдары.

Ашаршылық – Кеңес Одағының құрамында өмір сүрген халықтардың ортақ трагедиясы дегеніміз орынды. Сондықтан ашаршылық тек қазақ халқының ғана басына түскен нәубет емес, бұл барша адамзаттың алапат гуманитарлық қасіреті деп айтуға болады. Сол себепті ашаршылық тақырыбын саясиландырмай, ең алдымен, оған ғылыми тұрғыдан қарағанымыз абзал. Осы мақсатта шетел ғалымдарымен де бірлесіп жұмыс істеу маңызды. Міне, осындай кешенді жұмыстар арқылы ғана біз ашаршылық тақырыбына әділ баға бере аламыз деп ойлаймын.

Алдағы уақытта осы бағыттағы құнды зерттеулер ғылыми ортада ғана қалып қоймау керек. Сондықтан ғалымдарымыздың еңбектерін кеңінен дәріптеу үшін ақпараттық қолдау жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сол арқылы халқымыздың ашаршылық туралы ғылыми негіздегі ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеміз. Бұл ретте жас аудиторияға басымдық берген жөн. Өйткені мұндай зобалаңды халықтың, әсіресе, өскелең ұрпақтың терең білуі – маңызды міндет. Мұның бәрі тәуелсіздігімізді нығайтуға, тарихи санамызды жаңғыртуға және азаттықтың қадірін түсінуге септігін тигізеді.

# ҚАРЖЫНЫ ИГЕРУДЕ ҚАНДАЙ КЕМШІЛІКТЕР БАР?

Өткен жылы елордада әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтап тұру, осы саладағы дағдарысты болдырмау үшін бюджеттен қаржы бөлінді. Дағдарысқа қарсы шараларға бөлінген қаржының 98 пайызын жергілікті атқарушы органдар игерді. Алайда Құрылыс басқармасы осы мақсатқа бағытталған 3 млрд 955,3 млн теңгені игере алмай қалған. Қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысында осыны баяндаған Нұр-Сұлтан қаласы Тексеру комиссиясының төрағасы Иманжүсіп Ақпомбаев аталған комиссия жүргізген аудиттің қорытындыларымен таныстырды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

**ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСҚА КӨП АДАМ ТҰРМАДЫ**

– Былтырғы сәуір айында Құрылыс басқармасы крематорий құрылысын жоспарлап қойды. Бұл жоба 1 миллиард 475 миллион теңгені құрады. Бірақ осы жоба жүзеге асырылмай қалды. Тиісті келісімшарт жасалмаған да. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында 17877 жұмыс орны құрылды. Соның 15570-і уақытша жұмыс орындары болды, – деген И.Ақпомбаев осы бағдарлама арқылы жұмысқа тұрғызудың кемшіліктері анықталғанын мәлімдеді.

Оның айтуынша, таңдалған инфрақұрылымдық нысандар көптеген тұрақты жұмыс орындарын құруға мүмкіндік бермейді. Жұмыспен қамту орталығы арқылы уақытша жұмысқа қабылданған мыңдаған адам нысандарды жөндеу аяқталған күні жұмыстан шығарылған.

**ҚАЛАНЫ КӨГАЛДАНДЫРУ СТРАТЕГИЯСЫ КЕРЕК**

– Тексеру комиссиясы жасыл желекті отырғызу және күтіп ұстауды, осы жұмыстарға бюджеттен бөлінген қаржыны жұмсаудың тиімділігін тексерген кезде, ортамерзімді және ұзақмерзімді кезеңге астананы көгалдандыру стратегиясы әзірленуі керектігіне көз жеткізді. Осындай құжат болмағандықтан бюджеттің 2 миллиард 898 миллион теңгесі тиімсіз жұмсалған. Үлкен кемшіліктің бірі – жасыл желек реестрі жасалмайды, – деген баяндамашы бюджетті орындамау қаупі туындағандықтан, дағдарысқа қарсы шараларға бөлінген 3 миллиард 260 миллион теңге қайтарылғанын жеткізді.

Оның сөзінше, аудит кезінде анықталған кемшіліктердің 50 пайызы тиісті жұмыстарды дұрыс жоспарламаудан туындаған. Бұған пандемияның еш қатысы жоқ. Конкурстық шаралар мерзімінде өткізілмейді.

Қалалық мәслихаттың хатшысы Ерлан Каналимов елорданы көгалдандыру бағдарламасын әзірлеу керек деп есептейді. Онда желдің күшіне, топырақтың құрамына, жасыл желектің жерсінуіне, ағаштардың сорттарына талдау жүргізілуі тиіс. Бұған қоса, ағаштарды есепке алу жүйесі болуы қажет.

– Еуропаның тәжірибесін ескерсек, оларда әр ағаштың бірегей коды болады. Онда ағаш қай жылы отырғызылғаны, оны кім еккені, суару мен күтіп ұстауға жылына қанша қаржы жұмсалатынына дейін көрсетіледі. Бізге де осыған келу керек, – деді хатшы.

**СТАДИОННЫҢ ТАРИХИ КЕЛБЕТІ САҚТАЛАДЫ**

Мәслихат депутаты Ерлан Дәкенов тұрғындардан жылу бағасының өскеніне қатысты шағымдар түсіп жатқанын айта келе, осыған жауапты кәсіпорын тексерілді ме деп сұрады. Пандемияға байланысты жедел жәрдемге бөлінген қомақты қаржыға аудит жүргізу жайын қозғады. Тексеру комиссиясының төрағасы И.Ақпомбаев тиісті мекемелерді алдағы күндері тексеретіндерін мәлімдеді.



Өткен жылы Қ.Мұңайтпасов стадионын күрделі жөндеу жоспарланған. Тиісті қаржы да бөлінген. Алайда белгілі бір себептерге байланысты жұмыс жүзеге асырылмады. Соған қатысты депутат Саят Батпенов Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысына сауал жолдады.

– Қажымұқан стадионының тарихи құндылығы бар деп есептеймін. Оның болашағы қандай болмақ? Нысан сүріле ме, әлде жаңғыртыла ма? Меніңше, бұл мәселені қоғаммен талқылау керек. Шынында да, қаланың тарихы осы стадионмен, сол аумақпен тікелей байланысты. Егер стадион сүрілсе, оның орнына не салынады? – деді депутат.

Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Ерғалиевтің мәлімдеуінше, былтыр стадионды күрделі жөндеуге бюджеттен 1 млрд 200 млн теңге бөлінген. Алайда мемлекеттік сараптаманың қорытындысында нысан апатты деп танылып, жөндеу тоқтатылды.

– Қазір қажетті құжаттардың бәрі Құрылыс басқармасына тапсырылды. Бұл мәселе бойынша аталмыш басқармамен бірге жұмыс істеп жатырмыз. Расымен, стадионның тарихи маңызы бар. Алдағы уақытта нысанды толығымен жаңғыртамыз. Бірақ оның тарихи келбетін өзгертпей сақтаймыз. Жобасын, эскиздерін сіздерге көрсетеміз, – деді С.Ерғалиев.

**КРЕМАТОРИЙ ҚҰРЫЛЫСЫ НЕМЕСЕ ЖАТАҚХАНА НЕГЕ СҮРІЛМЕДІ?**

Жалпы мәслихат депутаттарында құрылыс мәселелеріне, нысандарды жөндеуге қатысты біраз сұрақ туындады. Мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов крематорий құрылысы неге басталмағанын сұрады.

– Крематорий құрылысына республикалық бюджеттен трансферт бөлінді. Бұл мәселе ұзақ талқыланды. Ақыры біз қаржыны қайтару туралы өтініш бердік. Бірақ ол қабылданбады. Қорытындысында ақша бізде қалды. Қазіргі таңда нысанның жобасын жасап жатырмыз, – деді Құрылыс басқармасы басшысының міндетін атқарушы Арсен Жанғасқанов.

Е.Каналимов Бөгенбай батыр даңғылындағы политехникалық колледждің бес қабатты жатақханасының жайын да көтерді.

– Өз кезінде осы жатақхананың жағдайымен танысқан едік. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары салынған ғимарат ресми түрде апатты болып танылды. Жөндеуге келмейтін болғандықтан оны сүру керек деп шешілді. Бірақ мердігер нысанды тастап кеткеніне бес-алты ай болды. Оның қоршауы құлап жатыр. Жатақхананы күзетіп отырған бір адам жоқ. Құдай сақтасын, ол опырылып құлайтын болса, соған кіріп-шығып жүрген адамдар астында қалады ғой. Нысанның болашағы қандай болмақ? – деп сұрады мәслихат хатшысы.

Отырыста бұған ешкім жауап бере алмады. Бұл мәселеге Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы жауапты жазбаша беретін болды.

Жиын қорытындысында Е.Каналимов кемшіліктерді жіберген басқармалар жұмысының нәтижелігі көрсеткішін әзірлеп, соған сәйкес тиісті шараларды қолдануды ұсынды. Айтылған ескертулер мен ұсыныстарға қатысты қаулы қабылданды.

# ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ ЖҮРУ КІМДЕРГЕ ТЕГІН?

Елорда мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында екі маңызды мәселе қаралды. Күн тәртібінде елордалықтардың кей санаттары бойынша қоғамдық көлікте тегін жүруі және мұқтаж азаматтар тізімі мен оларға берілетін төлем мөлшерін анықтау, әлеуметтік көмек көрсету ережелеріне енгізілген өзгерістер туралы мәслихат шешімдерінің жобалары сөз болды.



Райхан РАХМЕТОВА

Алғашқы мәселе бойынша баяндама жасаған Нұр-Сұлтан қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Илья Скуб елордада әлеуметтік жағынан аз қамтылған тұлғалар қоғамдық көлікте тегін жүруі үшін 3 млрд теңге бөлінетінін жеткізді.

– STC әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға қоғамдық көлікте жүруге арналған карталар береді. Олар валидация жасау арқылы автобустарда барлық бағдарда жүреді. Мұндай картаны зейнеткерлер, көпбалалы отбасылар тегін алады. Аталған компания осы санатқа кіретін адамдардың қоғамдық көлікте тегін жүргенін көрсететін 3 млрд теңгенің валидациясын әкімдікке ұсынады. Олар мұны тізім арқылы нақтылап отырады, – деді Илья Скуб.

Сондай-ақ ол әлеуметтік төлем алу ережелеріне сәйкес отбасы құрамы туралы және мекенжай анықтамасын талап ету шарттары алынып тасталғанын жеткізді. Сонымен қатар ардагерлер мен басқа мемлекеттердегі әскери ұрыстарға қатысқандар санаты бойынша әлеуметтік төлемдер жасауға биылға 128,4 млн теңге бөлінген.

Келесі спикер қалалық Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Дулат Шоғанбай елордада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде балабақшалар салу жобаларына тоқталды.

– 2017 жылы қаланың Білім басқармасы 6 балабақша салуға 3 мекемемен келісімшартқа отырған. Біреуі – халықаралық инвестор. Екеуі – еліміздегі кәсіпорын. Сол балабақшалардың ішінде былтыр әрең дегенде біреуі ғана салынды. Неге бұлай болды? Себебі жобалардың әрқайсысының өзіне тән нормасы болады. Қалған төрт балабақша бойынша халықаралық инвестор бар. Ол – Польша инвесторы. Қала басшылығы рұқсатымен соларға шығып, хабарласу керек. Себебі бес жыл ішінде олардан еш хабар жоқ, балабақшаның бірде-бір кірпішін қаламаған, – деді ол.

№19 (4143) 18 ақпан 2021 жыл



Райхан РАХМЕТОВА



# ЕКПЕДЕН КЕЙІН ҚАЛАЙ КҮТІНУ КЕРЕК?

**Денсаулық сақтау саласында мамандардың жетіспеушілігі халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасына тікелей әсер етеді. Бұл туралы Мемлекет басшысы былтырғы халыққа Жолдауында сапалы және қолжетімді медицинаны дамыту жайын қозғағанда айтқан. Кеше Парламент Мәжілісі депутаттары да осыған назар аудартып, елімізде дәрігерлер тапшылығы мәселесін шешу жолдарын атады.**

## ДӘРІГЕР ТАПШЫЛЫҒЫ ҚАШАН ЖОЙЫЛАДЫ?

«Ресми мәліметтерге сәйкес, денсаулық сақтау жүйесіндегі медицина қызметкерлерінің саны – 253 883 адам, оның 74 046-сы – дәрігерлер, 180 мыңға жуығы – орта медициналық қызметкерлер. Биыл 1 қаңтардағы деректер бойынша медицина саласында кадр тапшылығы 4 662 дәрігер болды. Өңірлерде мамандардың қатты жетіспеушілігі Қарағанды, Алматы, БҚО, Ақмола, Қостанай, ШҚО, сондай-ақ Жамбыл, Атырау, Түркістан облыстарында байқалды» деді Мәжіліс депутаты Гүлдара Нұрымова.

Оның айтуынша, дәрігерлер тапшылығы осы салада оқу мерзімінің ұзартылуына, қалалар мен моноқалаларда жас мамандарды қолдау механизмінің жоқтығына байланысты, әсіресе, медициналық жоғары оқу орындары жоқ өңірлерде сезіліп отыр. Депутат осыған орай медициналық жоғары оқу орындарына гранттар санын тиісінше 2021 жылғы 4685-тен 2025 жылы 5185-ке дейін ұлғайту көзделіп отырғанын жеткізді. Гранттар санын жоспарлы ұлғайту еліміздегі медицина кадрларының санын арттырып қана қоймай, медицина мекемелерінің мамандарға деген қажеттілігін қамтиды.

## ЕКІ АЙДАН ЕКІ ЖЫЛҒА ДЕЙІН САҚТАЛАДЫ

Коронавируспен ауырғандардың 20%-ында ауру белгілері ұзақ уақыт бойы сақталып қалады. Бұл дертпен ауырып, жазылып кеткендердің бойында клиникалық белгілер қашан кететіні туралы дәрігерлердің өзінде нақты мәлімет жоқ. Осы ретте «Кардиология және ішкі аурулар» ҒЗИ-дің ішкі аурулар кафедрасының профессоры Сәуле Қасенованың айтқаны – Covid-19-бен ауырғандарда ауру белгілері 2 айдан 2 жылға дейін сақталатындығы. Оның айтуынша, коронавируспен ауырған адам ұзақ уақыт бойы жөтеліп жүре беруі немесе демігіп, әлсізденуі мүмкін. Соның салдарынан адам бұрынғы күйінен айрылады, яғни кей істерді орындауы қиындайды. «Кейбіреуінің үнемі басы ауырып және басы айналып жүрсе, енді бірінің жүрек тұсы, кеудесі ауырады. Тіпті ұйқысы бұзылып, есте сақтау қабілеті нашарлап кететіндері де бар. Дерттің осындай салдары болады, алайда оны оңалтуға да болатынын еске саламыз. ДДҰ-ның биыл 25 қаңтарда шығарған ұсынымы бойынша, коронавируспен ауырып емделген адам өзінің дәрігерімен телефон арқылы үнемі байланыста болуы керек» дейді ол.

## ЖРВИ ҚАУІП ТӨНДІРЕ МЕ?

Медицина мамандары ЖРВИ, яғни жіті респираторлық вирустық инфекциясы қазірде ең кең таралған жұқпалы аурулардың бірі екенін айтып дабыл қағып отыр. Оны жұқтырмау және алдын алу үшін әлеуметтік қашықтықты сақтау, медициналық маска тағу, қол гигиенасына көңіл бөлу және салауатты өмір салтын ұстану керектігі айтылды. Бұл ретте былтырдан бері пандемия кезінде коронавирустан белсенді қорғануға халықтың дағдылануы биыл ЖРВИ-дің эпидемиологиялық маусымында тұмау вирусы циркуляциясының төмендеуіне септік еткен. «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы» филиалы директорының орынбасары Манар Смағұл мұны бүгінде қолданып жатқан сақтық шараларының нәтижесі деп санайды.

## «ПОСТКОВИДТІ БЕЛГІЛЕР» ЖОБАСЫ СЫНАҚТАН ӨТУДЕ

*Ресми мәліметтерге сәйкес, еліміздің денсаулық сақтау жүйесіндегі медицина қызметкерлерінің саны – 253 883 адам, оның 74 046-сы – дәрігерлер, 180 мыңға жуығы – орта медициналық қызметкерлер. Биыл 1 қаңтардағы деректер бойынша медицина саласында кадр тапшылығы 4 662 дәрігер болды. Өңірлерде мамандардың қатты жетіспеушілігі Қарағанды, Алматы, БҚО, Ақмола, Қостанай, ШҚО, сондай-ақ Жамбыл, Атырау, Түркістан облыстарында байқалды*

Еліміздегі коронавирусқа қатысты жағдайды жақсарту үшін былтыр қазан айынан бастап «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы» КеАҚ базасында постковидті белгілері бар науқастарға тексеру жұмыстарын жүргізетін жоба сынақтан өткізіліп жатыр. Орталықтың қабылдау бөлімшесінің меңгерушісі Айнұр Тәуекелованың айтуынша, осы жоба аясында былтыр желтоқсан айында 400-ден астам адам тексерістен өткен. Оның ішінде 100-і – балалар. Ол дертпен ауырып болғандарға қатысты екі термин болатынын жеткізді.

«Бірі – созылмалы коронавирус болса, екіншісі – постковидті белгілер. Созылмалы коронавирус деп ауырып болғаннан кейін ауру белгілері 3 аптаға дейін сақталып қалатын жағдайды айтамыз. Ал постковидті белгілер дегеніміз – коронавируспен ауырып болған адамда ауру белгілері 12 аптадан астам уақыт сақталып қалатын түрі. Бізде тексерілген 287 науқаста иммун жетіспеушілігі байқалды. 20 адамда цитомегаловирусының, герпес вирусының сақталып қалғанына көз жетті. Сондай-ақ коронавируспен ауырған науқастарда Д, В12 дәрумені мен фолий қышқылының жетіспеушілігі анықталды. 190 адамда когнитивтік қызмет бұзылған, яғни есте сақтау қабілеті нашарлаған. Сонымен қатар, жүрек-қан тамырлары аурулары, соның ішінде 20 науқаста алғаш рет күретамыр жұмысының бұзылғандығы белгілі болды. Эндокриндік патология, соның ішінде 2 науқасқа қант диабеті диагнозы қойылса, 13 науқаста қант диабетінің декомпенсациясы болған, 40 науқастың қалқанша безінің қызметі бұзылған. Тыныс алу жүйесінде де патология анықталды» дейді ол.

## САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ЖАЛҒАСТЫРУ КЕРЕК

Дәрігерлер екпе алғаннан кейін адамның дене қызуы 37,0-37,5 аралығына дейін көтерілетін болса, ол емханадағы өз дәрігерінің бақылауында болуы керектігін айтты. Коронавирус өкпені ғана емес, буындарды да зақымдайды. Екпеден кейін дене қызуы көтерілген адам ең болмағанда қан талдауын жасатуы керек. Қажет болған жағдайда сәулелі диагностика жасалады. «Кардиология және ішкі аурулар» ҒЗИ-дің ішкі аурулар кафедрасының профессоры, медицина ғылымдарының докторы Сәуле Қасенованың бұл сөзіне қарағанда осы тексерістің нәтижесінде оның жағдайы қалай екені, қалай емдеу керек екендігі анықталады.

Ал «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы» филиалы директорының орынбасары Манар Смағұл екпеден кейін дене қызуы көтеріліп, буындардың ауыруы қалыпты жағдай екенін айтты. «Адамдар вакцина екkенге дейін де, кейін де күтінуі керек. Аллергия болмас үшін бұрын жеп көрмеген тағамдарды жемей тұра тұрған жөн. Сондай-ақ бұрын қолданып көрмеген әтірді де қолданбау керек. Екпе ектіргеннен кейін «коронавируспен енді ауырмаймын» деп ойлауға болмайды. Маска тағып, сақтық шараларын қолдануды жалғастыра беру керек, себебі коронавирусқа қарсы иммунитет қалыптасуы үшін уақыт керек» дейді ол.

## ЗЕРТТЕУШІЛЕР COVID-19-ДЫҢ ТҮСІН АНЫҚТАДЫ

Әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің профессоры Андрэ Гютердің айтуынша, коронавирустың нағыз түсі – қара және ақ. «COVID-19-ды түрлі-түсті деп айтқан дұрыс емес. Өйткені SARS-CoV-2 молекулаларының өлшемі жарық толқыны ұзындығынан аз. Пішіні шарға ұқсас. Қызыл, сары, қызғылт түстер бөліктерді анығырақ көрсету үшін қолданылады. 3D өлшемдердің де мақсаты осы» деді Гютер.

Ғалымдар вирус түсін анықтап жатқанда, ДДҰ әлемде 108,5 миллион адам коронавирус жұқтырғанын хабарлады. Джонс Хопкинс университеті мәліметіне сәйкес, бұл көрсеткіш 109 миллионнан асқан. 2,4 миллион адам көз жұмды. АҚШ, Үндістан, Бразилия және Ұлыбритания – індетке шалдыққандар саны ең көп елдер.

www.astana-akshamy.kz
№19 (4143) 18 ақпан 2021 жыл



# АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМЫ» МЕКТЕПТЕ ҚАЛЫПТАСАДЫ

Жаһанданған дәуірде білім беруді дана Абайдың рухани ілімімен сабақтастырып оқыту – мектептер мен мұғалімдердің басты міндеті.

Абайдың даналығын зерттеу жолын үзбей келе жатқан ғалым Мекемтас Мырзахметұлы «Барлық университеттер мен пединституттарда және орта мектеп пен арнаулы оқу орындарының барлығында «Абай: Толық адам ілімі» деген арнаулы ортақ оқулық пен хрестоматия, бағдарламасы мен библиографиясымен қамтамасыз ету – рухани қажеттілікке айналып отыр. Өйткені бұл ілім жас ұрпаққа жетілген, кемелденген мінез-құлықты қалыптастырып, сырттан еніп жатқан жат қылықтардан сақтайтын «қытай қорғаны» болатынын назарда ұстау – әділетті жол болмақ» дейді. Осы орайда Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Абайтану» таңдау курсын оқыту білім беретін мектептерге зор көмек құралы болып отырғанын атап өту абзал. Дегенмен, бір ғана таңдау курсымен шектелу «жаңа сападағы» интеллектуалды ұлтқа, «толық адам» сапасындағы ұрпаққа жетуді кешеуілдетіп, күн санап өзгеріп жатқан өрісті өркениеттер қатарынан кенжелетіп қалдыра ма деген ой туғызады.

Қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнына сүйенсек, білім берудің талаптары да, оқыту әдістемесі де жеке тұлғаға бағытталған оқытуды ұйымдастыруды талап етеді. Яғни, ағындаған ақпарат заманындағы оқушыны оқытудың «орталығындағы» басты тұлға деп қызығушылығына, қабілет-қарымына, даралығына, мінез болмысына негіздей отырып, Абайдың он тоғызыншы ғақлия сөзімен айтсақ, «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» дегендей «әрекет иесі» деп тану әрбір педагог алдындағы күрделі мақсатты айқындайды.

Бұрын мектеп дегенде алдымен ауызға мұғалімі қандай деген сұрау болатыны қандай ақиқат болса, қазіргі таңда бұл сұрақ оқушының жетістігімен, оқушының білім сапасымен, оқушының тұлғалық құндылықтарымен өлшенетіні сондай ақиқат болып отыр. Бұл ретте оқушының білімді болуы жалпы түсінікті көрсетеді, ал сол білімді болу үшін оқушы қандай сапалық ерекшеліктер мен өлшемдерге ие болу керек деген заңды сұрақ бой көтереді. Осы ретте тағы Абайдың рухани іліміне бет бұруға тура келеді, неге десеңіз, жеке тұлғаның, адамның, тіпті тұтас адамзаттың сапасын дана Абай өз шығармаларынан тізіп, бізге дайын формула ұсынады: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» немесе «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», я болмаса «тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық». Абайдың бұл даналығы XIX ғасыр айрығында зерделенгенмен, аталған «толық адам» ілімінің тамыры тереңде екенін ғалым Мекемтас Мырзахметұлы зерттей келе, Абайдың «толық адам» концептісінің «жүйесін тапқанын» келесідей көрсетеді: «Біздің заманымызға дейін V-VI ғасырда «ахи» ілімі пайда болған. «Ахи» сөзі жомарт деген мағынаны білдіреді. Біз XXI ғасырға дейін осы іліммен сусындап келдік. Он бірінші ғасырда әл-Фарабидің «Парасатты адам» ғылымы жасалды. Одан кейін «Құтадғу білік», XIII-XIV ғасырда Ясауи ілімі, одан кейін Абайдың «Толық адам» ілімі, XX ғасырдың басында Шәкәрімнің «Ар ғылымы» шыққан. Адамгершілік тақырыбын қаузайтын бұл деректер ар ғылымының бізде алты сатысы болғанын айғақтайды». Демек, ғалым сөзінен «толық адам» ілімін оқушы болмысында рухани жаңғыртып отыру – ғасырымыздың заманауи талабы мен ізгі мұраты екенін аңғарамыз.

Қазіргі уақытта біз білім ордасында тәрбиелегіміз келетін оқушының моделін дұрыс бағытта айқындауымыз қажет. Қазақстандағы жаңартылған білім мазмұны мен оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – таным-түсінігі жоғары, білімді және қамқоршыл жастарды дамыту, яғни жалпы адамгершілік пен әлемге қамқорлықтың жауапкершілігін сезіне отырып, одан да жақсы және бейбіт әлем құруға көмектесетін жаһандық ой-өрісі бар жеке тұлғаны дамыту. Абайдың ілімі бойынша, ақылды адам көргенін, білгенін сынап, орындысын, орынсызын үнемі тауып, өзінен-өзі есеп алып отырады. Сондықтан ақынның толық адам ілімі оқушы моделінің қазіргі заманғы ерекшеліктерімен сәйкес келеді деп тұжырымдауға болады. Яғни, «ақыл» концептісі заманауи оқушы моделіндегі «зерделі» және «ойланғыш» болса, ал «қайрат» концептісі «әділетті» және «тәуекелшіл» үлгісіне сәйкестік табады деуге болады, келесі «жүрек» концептісі – «қамқоршыл», «ғылым» – «ізденімпаз», «ар» – «ұстанымды», «сәуле» – «рефлексивті», «единица немесе кемел болу» – «үйлесімді», «харекет» концептісі – «әділетті» деген сипат мақсатын ашады деп тану ләзім.

«Ізденімпаздық» сипатындағы оқушы оқу және зерттеу дағдыларын дамыта отырып, білім алуға құштарлықты арттыруды, үздіксіз білім алуға деген сүйіспеншілікті өмір бойы сақтауды көздесе, «зерделі» сипаты әртүрлі пәндер арқылы терең білім алып, тұжырымды түсініктерді қолдануды, жергілікті және ғаламдық маңызы бар мәселелер мен идеяларды талдауға бағыттаса, «ойланғыш» үлгісі күрделі мәселелерді талдап шешім қабылдау үшін сыни және шығармашыл ойлау дағдыларын қолдануға үйретеді, ал «тілтабысқыш» үлгісі өзіндік ойларды түрлі тәсілдер арқылы бірнеше тілде, батыл және шығармашыл жеткізуге, басқа тұлғалар және топтармен ынтымақтастықта болуға шақырады; «ұстанымды» сипатта адамдардың құқықтары мен ар-намысын құрметтей отырып, әділдік пен адалдыққа негізделген іс-әрекет жасауға үндесе, «әділетті» сипат арқылы басқалардың әдеп-ғұрыптары мен құндылықтарына да, өз тарихымыз бен мәдениетімізге де сыни тұрғыдан қарауға ықыластық туғызады; «қамқоршыл» сипаты қоғамға қызмет етуді адами борыш көріп, әлем мен басқалардың өмірінде жағымды өзгерістер әкелуді меңзесе; «тәуекелшіл» сипаты жаңа идеялар мен инновациялық стратегияларды ашуда жеке және бірлесе жұмыс жасап, өзгерістер мен қиындықтарға мойымай, тапқырлық танытуды талап етеді; «үйлесімді» сипатында оқушы өзінің және өзгелердің берекесі үшін өмірінің интеллектуалдық, физикалық және эмоционалдық аспектілерінің үйлесімін сақтау маңыздылығын түсінеді; «рефлексивті» сипатта оқушылар тәжірибелері мен идеяларын саналы түрде сараптап, тұлға ретінде өзін жетілдіру мақсатында өздерінің кемшіліктері мен артықшылықтарын анықтайды.

Абай тек қазақи дүниетаныммен шектелмей, адамзаттық тұлға болуға шақырды. XXI ғасыр Абай заманынан өзгеше болғанымен, ғылым, білімді игеру мақсат-мүдделері мен адамзаттық ойлау туралы түсінік өзгерген жоқ. Бұл ретте Абай іліміне тағы да үндестік тапқан «жаһандық азамат» және «халықаралық ойлау» түсініктерін атап өткеніміз жөн.

Абайдың «толық адам» ілімі мен оқушы моделінің сабақтастығын пайымдай келе, біз білім беру ісінде оқушының тұлғалық сапасына негізделген оқытуды ұйымдастырып, тәрбиелейтін болсақ, нағыз XXI ғасыр сұранысындағы толерантты және жаһандық тұлғаны қалыптастырғанымыз анық. Оқушының толерантты тұлға деңгейінде тәрбиеленуі оның рухани және адами құндылықтардан, сапалық қасиеттер сатысынан өтуін талап етеді. Сондықтан «толық адам» ілімі мен оқушы үлгісі толеранттыққа бағдар беретін қозғаушы күш және өлшейтін меже болмақ. Сондай-ақ бүгінгі оқушы ертеңгі азаматтарымыздың барлық бастамаларында толеранттылықты дамытуы үшін шынайы білім-ғылым жолына Абайша айтқанда «махаббатпен ерулі» үйлесімді меңгертуге қызмет етуіміз абзал.

**Әлия БАЙЖАНОВА,**
**Динара БЕЙСЕМБАЕВА,**
**Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімдері**

Бетті дайындаған Көктем ҚАРҚЫН

## ОҢЛАЙН ВЕБИНАР ОЙ САЛДЫ

Кембридж университетінің Білім беру факультеті мен SHARE халықаралық жобасының желілік үйлестірушілері елордалық 8 мектепке онлайн вебинар өткізді.

Оқыту вебинарына 50-ден астам мұғалім қатысты. Қатысушыларға жобаны енгізу мақсаты мен оны іске асырудың негізгі тұжырымдамалары түсіндірілді. Мұғалімдер бірнеше сессия залдарына бөлініп, мектеп өміріндегі әртүрлі тақырыптарды талқылады. Вебинар соңында Кембридж университетінің фасилитаторлары 8 мектептің қатысушыларына алған білімдерін еріктілермен бөлісуді және жергілікті сессияларға дайындалуды ұсынды.

«ЭкоАсар - қайырымды істер марафонының» жеңімпаз мектептері мен балабақшаларына жерасты суару технологиясын пайдалана отырып, алма бақтарын құру бойынша практикалық онлайн семинар өткізілді.

## МЕКТЕПТЕР АЛМА ӨСІРЕДІ

Елордалық мектептер мен балабақшалар солтүстік аймақтың климатына бейімделген 170-тен астам алманың сұрыптарын қайта жаңғыртпақ. Енді селекционер Қайрат Кәрімовтің басшылығымен Орал қаласының бірегей алаңында екпе әдісімен өсірілген алманың сұрыптарын пайдалана отырып алма бақтарын өсіру мүмкіндігі қолға алынатын болды.

ЭкоАсар жобасы аясында алма бағын өсіру мүмкіндігі Нұр-Сұлтан, Семей, Қарағанды, Петропавл және Теміртау қалаларында жүзеге асады. Семинарға «РОП Операторы» ЖШС атынан сертификат алған 15 жеңімпаз білім беру ұйымы қатысты.



№19 (4143) 18 ақпан 2021 жыл





**Туғанына жүз жыл толған Салық Зиманов есімі - тәуелсіз елдің құқықтық негізін қалауға бағытталған заңнамалық реформалардың бастауында тұрған, мемлекеттің нығаюына аянбай атсалысқан тұлға ретінде белгілі. Ол – сонымен бірге Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысып, ерлік көрсеткен әскери полковник. Қаныш Сәтбаев бастаған Қазақ КСР Ғылым академиясында жұмыс істеп, ғылымға сүбелі үлес қосқан заңгер. Желтоқсан оқиғасында жастарға жақтасып, «қазақ тілі мәртебесін мемлекеттік ету керек» деп Колбинге батыл пікір айтқан қайраткер.**

# ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ПАТРИАРХЫ

Жадыра ШАМҰРАТОВА

### СОҒЫС САРДАРЫ

Классик жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің естелігінде жас командир Зимановтың жауынгерлерімен жау құрсауында қалып қойып, сол кезде рациямен өздері тұрған жердің координаттарын жіберіп, зеңбіректен оқ жаудыруды сұрайтыны, оқ жауып жатқанда Зимановтың тобы қоршаудан құтылып шығатыны айтылады. Сөйтіп ақылының, қашықтықты дәл есептеген математиктігінің (С.Зиманов мектеп бітірген соң мұғалімдердің қысқа мерзімді курсын оқып, математикадан сабақ берген) арқасында өз тобын аман алып шығады. Закавказье, Солтүстік Кавказ, Воронеж, Степной, бірінші және екінші Украина, бірінші және екінші Беларусь майдандарының құрамында Буг, Днепр, Одер дарияларынан өтіп, ауыр шайқастарды бастан кешкен. Румынияны, Польшаны азат етуге қатысқан. Бірінші және екінші дәрежелі «Отан», «Қызыл жұлдыз» ордендерімен марапатталған. Соғыс аяқталғанда миномет полкі командирінің орынбасары бар болғаны жиырма төрт жаста еді. Бірақ, елге оралған соң әскери қызметке емес ғылымға бет бұрады.

### 46 ЖАСТАҒЫ АКАДЕМИК

1950 жылы аспирантураны тәмамдап, «Бөкей хандығы және оның саяси-құқықтық құрылысы» атты диссертациясын Мәскеуден қорғайды. Қазақ КСР Ғылым академиясында жұмысын бастап, Алматы мемлекеттік заң институтында дәріс оқып, оқытушы, 1952 жылы институттың директоры, кейіннен оқу орны Қазақ Мемлекеттік университетінің құрамында заң факультетіне айналғанда, оның алғашқы деканы қызметіне шақырылады. 1961 жылы сол тұста екінің бірінің батылы бара бермейтін «Қазақстанның XVIII ғасырдағы және XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси құрылысы» деген тақырыптағы докторлық диссертациясын да Мәскеуде қорғаған. Ол кезде академия біреу ғана болған, академиктер де саусақпен санаулы еді. Салық Зиманов 46 жасында қазақтан шыққан алғашқы заңгер-академик болып сайланды.

### ҚАЗАҚТЫҢ АТА ЗАҢДАРЫН ТҮГЕНДЕГЕН

Ғалымдар, заңгерлер «Қазақтың ата заңдары» деп аталатын он томнан тұратын көптомдық серияны қазақ ғылымындағы тың жұмыс, тарихи реформаторлық зерттеу еңбек деп бағалайды. Бұл Салық Зимановтың ғылыми жетекшілігімен шыққан. Академик басылымның бас редакторы әрі авторларының бірі ретінде бұған мол күш жұмсалған. Құндылығы – еңбек қазақ халқының бай құқық саласының кемел шежіресі іспетті. Өкінішке қарай, қаржының тапшылығына байланысты «Қазақтың ата заңдарының» көптомдығын бар болғаны 3 000 данамен жарыққа шығаруға тура келген.

Көптомдықта қазақ әдет-ғұрып заңдары, билер сотының тарихы мен олардың қоғам, ел өміріндегі ерекше рөліне арналған зерттеулер; Ұлы дала қазақтарының өміріндегі қазақ құқығының «көне болмысы» туралы түрлі зерттеулер, қазақ құқығы жүйесінің көшпелі өмірді реттеудегі жасампаздығы мен тетіктері туралы зерттеу жұмыстары қамтылған. Сондай-ақ академик Салық Зиманов Абайды қазақ әдет-ғұрып құқығының білгірі мен реформаторы деп танып, оның «төбе би» болып сайлануы, нақтылы биліктеріне кеңінен тоқталады. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы», олардың тізімі мен нұсқалары; Дала өлкесін отарлау кезеңіндегі құқық саласындағы күшпен енгізілген кейбір өзгерістер және «Қазақ құқығының» өміршеңділігі, ішкі қасиеті мен құрылымдылығы ғасырлардан ғасырларға сақталуы жөнінде айтылады. XIX ғасырда Ресей әкімшілігі тарапынан арнайы құрылған экспедиция материалдары. Бір бөлім «Қазақ құқығы» туралы Еуропа әдебиеттерінде жарық көрген деректерді қамтиды.Қазақ әдет-ғұрып құқық жүйесіне, оның қалыптасуына елеулі әсерін тигізген Орта Азия, Шығыс Түркістан хандықтарының, Моңғолия мен Қытай мемлекеттерінің құқықтық жарлықтары. Салыстырмалы зерттеу және түсініктемелер. Соттық құқықтық және саяси құрылысты бейнелейтін қазақ мемлекеттілігі мен Ұлы дала сотының көрнекті қайраткер-билерінің бейнелері көрсетілген көркемсурет, фотоқұжаттар мұралары, қазақ құқығы туралы жаңа мәліметтер мен деректік құжаттар енгізілген бұл еңбек – Салық Зимановтың заң ғылымына қосқан еңбегінің қорытындысы деуге болатын үлкен мұра.

***Академик Салық Зиманов – 1986 жылы желтоқсан оқиғасынан соң қазақ жастарын республика жетекшілігі алдында қорғап сөйлеген санаулы адамның бірі. Мәскеудің арнайы тапсырмасымен келген КПСС орталық комитеті саяси-бюросының мүшесі Михаил Соломенцев пен Геннадий Колбин 24 желтоқсанда Қазақ КСР ғылым академиясы төралқасының отырысында «қазақ жастарының басбұзарлығын» туралы айтқанда жастарға арашаға түсіп, Колбинге ашық пікірін білдірген***

### ЖЕЛТОҚСАНДА ЖАСТАРҒА АРАША ТҮСКЕН

Академик Салық Зиманов – 1986 жылы желтоқсан оқиғасынан соң қазақ жастарын республика жетекшілігі алдында қорғап сөйлеген санаулы адамның бірі. Мәскеудің арнайы тапсырмасымен келген КПСС орталық комитеті саяси-бюросының мүшесі Михаил Соломенцев пен Геннадий Колбин 24 желтоқсанда Қазақ КСР Ғылым академиясы төралқасының отырысында «қазақ жастарының басбұзарлығын» туралы айтқанда жастарға арашаға түсіп, Колбинге ашық пікірін білдірген.

«Ашығын айтайық. Бұл оқиғаға қазақтың да, орыстың да үлкендері кінәлі. Біз жастардың алдында қазақша сөйлеуді қойдық. Қазақша сөйлемеген соң біздің сөзіміз оларға жетпейтін де болды. Өз басым Қазақстан компартиясы орталық комитеті саяси бюро мүшелерінің қазақ жастарының алдында қазақша сөйлегенін көрген емеспін. Тыңдаушы жастарды 90 пайызы қазақ болса да, орысша сөйлейді. Мен заңгер ретінде осы мәселені дұрыс қарастыруды, жастарды текке айыптамауды сұраймын» дегені үшін көп қиындық та көрген. Бұл туралы Экономика ғылымдарының докторы, академик Ораз Баймұратов кезінде: «Жұмыстан шығарып жібермесе де, психологиялық тұрғыда талай таяқ жеді. Желтоқсан оқиғасы кезінде қарсы шыққан қазақ зиялылары көп емес. Әлі есімде, академияның жиналысында ашық пікір айтқан осы Салық Зиманов еді» деп пікір айтқанын білеміз.

### ІС ҚАРАУ – ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІК

Заңгер сұхбат беруден, өзін жарнамалаудан қашық болған, ал сұхбат беруге тура келсе қазақтардың дала соттарының ерекше сот жүйесі екенін үнемі айтып жүрген. Бұл оның зерттеу еңбектері, сөйлеген сөздерінде де бар. «Судья, билер қазақ даласында әркез әлеуметтік саты бигінде болатын, шүбәсіз бедел мен абыройдың иесі болатын. Ал қазір бедел мен абырой бар ма? Нашар сот жүйесі болғанның өзі айып. Сотты жақсы ете алсақ, яғни заңға қатаң беріктігінде мінсіз ете алсақ, біз құқық қорғау органдарының басқаларына да ықпал ете аламыз. Турасын айтайық: біздегі сот жүйесі халық сеніміне ие емес. Ең бастысы – халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімін қайта қалпына келтіру» деп ашық пікірін білдірген. Ол реформаға қарсы болмаған, бірақ әр мәселеге байыппен қарайтын академик құқық қорғау жүйесін реформалаудың ешқандай философиясыз, ешқандай таным теориясынсыз жүріп жатқанына қынжылыс білдірген.

### ШӘКІРТТЕР ІЛТИПАТЫ ЕРЕКШЕ

Академиктің қызы Гүлжамал апайға хабарластық. «Қоғамның белгілі тұлғасы» деп естелік сұрап, хабарласып жатқандарға әкемнің фотосуреттерін, кітаптарын бердім. Негізі ол кісі туралы бірге қызмет істеген адамдар жақсы естелік айтады деп есептеймін. Халықтың ол кісіге деген ықыласына ризамын. Әке ретінде өте жақсы адам болды, бізге қолынан келгеннің бәрін жасады» деп еске алды ол. Шынында үлкен ғалым туралы өкшесін басқан інілері мен шәкірттерінен асырып кім айта алады? Кейбіреуі өмірден өтіп кеткен қанаттас інілері академикті әрқашан жоғары бағалап, оның ел алдындағы еңбегіне жоғары баға берген. Мысалы, халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі Мақсұт Нәрікбаев «Ол кісінің соңғы жылдары зерттеу жүргізген «Билер соты» жайлы еңбектері қоғамды елең еткізбей қоймады. Ол бұл еңбегінде қазақ халқының бүкілұлттық құрылымын сипаттады. Осы еңбегі арқылы ұлтымыздың білікті, мығым, білгір ұлт екенін айшықтап кетті» деп жазған. ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымының докторы Сұлтан Сартаев: «Салық Зиманұлының қаламынан «Шоқан Уәлихановтың саяси көзқарастары», «Құқықтың жалпы теориясы мен оның мемлекет және құқық теориясы курсындағы орны», «Кеңестік ұлттық-мемлекеттік құрылыстың теориялық мәселелері», «Конституция және парламент» деген ірі еңбектері шықты. «Ресей және Бөкей хандығы», «Азат ету идеяларынан Бұхара мен Хиуадағы кеңес мемлекеттілігіне» атты еңбектері туды. Академик Салық Зиманұлы әрқашан халық назарына қай өзінің тік жүрісімен ғана емес, ұлы Сократтың бейнесіндей сенімді тұлғасымен де көзге түсетін еді» деп пікір білдірген екен. Заң ғылымдарының докторы, профессор Бекет Тұрғараев «1990 жылдың 25 қазанында Жоғарғы Кеңесте «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы» талқыға түсті. Сонда жасы жетпіске келген абызымыз жеті сағаттан аса уақыт тікесінен тік тұрып, жан-жаққа тартқан, әдетте Кремльдің билігінен басқаны мойындамақ түгілі, ондай пікір туралы ауыз аштырмайтындар Зимановтың уақытынан, заманынан озық тұрған тезистерінен асыра ой-пікір айта алмады. Декларация қабылданды деп еске алып, өткен жылы «Ана тілі» газетіне мақала жазды.

1990 жылы Қазақ КСР жоғары кеңесінің 12-ші шақырылымның депутаты болған Салық Зиманов сол жылы 25 қазанда қабылданған егемендік туралы декларация жобасын жазып шыққан. Және 1991 жылы қабылданған «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заң жобаларын талқылап, қабылдауға белсене қатысқан. Сонымен бірге академик республиканың 1993 жылғы тұңғыш Конституциясын әзірлеген жұмыс тобына жетекшілік еткен. Ол – Қазақстан парламенті мен конституциясының ерекшеліктеріне арналған бірнеше еңбек жазған ғалым.

***Тәуелсіздік алған кезімізде бізге өз саласын жетік меңгерген, саяси және құқықтық жүйенің теориясы мен тарихына жетік маман көп керек болды. Сол кезде академик Салық Зиманов конституциялық құқықтың білгір маманы ретінде мемлекетіміздің құқықтық негізін қалауға бағытталған заңнамалық реформалардың басы-қасында болды. Көп еңбек сіңірген. Одан бөлек, ұлттық әдет-ғұрып құқығын зерттеген ғалымды халқы қоғамдық-саяси заң тарихының шежірешісі деп бағалайды.***

www.astana-akshamy.kz
№19 (4143) 18 ақпан 2021 жыл

Наима
НҰРАЛЫҚЫЗЫ

**«Болашақ» бағдарламасының түлегі, химик-зерттеуші, Диас ТАСТАНБЕКОВ өсімдікті топырақсыз өсіретін тың технологиясының арқасында тәулігіне 30 келіден аса өнім алып отыр. Одан бөлек қондырғыларын мектептерге орнатып, оқушылардың ғылыммен іс жүзінде айналысуына жағдай жасайды. Аталмыш бағытта бизнес бастағысы келгендерге оқыту курстарын өткізеді. Еліміздің агромәдениетін өркендетуде елеулі үлес қосып жүрген «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазымен жүздесіп, жыл он екі ай топырақтың көмегінсіз-ақ жеміс алудың жолдарын сұрастырдық.**



# ӨСІМДІКТІ ТОПЫРАҚСЫЗ ӨСІРЕДІ

### ЖОБА ЖАСАУҒА ИТЕРМЕЛЕДІ

Ол кезде Диас Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев университетінің зерттеу орталығында кіші ғылыми қызметкер еді. Айлап үйде болмауы – қалыпты жағдай. Іссапарларға жиі аттанатын.

«Ұшып-қонып жүргенде, үйдегі өсімдіктер қараусыз қалып, мен келгенше қурап қалатын. Содан бастап гүл суарудың автоматтандырылған әдіс-тәсілдерін іздестіре бастадым. Ғаламторды ақтардым, кітаптар көмекке келді. Нәтижесінде өсімдіктің өздігінен суарылуы былай тұрсын, топырақсыз да өсіруге болатынына көзім жетті. Жеке бастың мәселесі жаһандық технологиямен таныстырып, жоба жасауға итермеледі. Аэропониканы тануға төрт жылым кетті. Бәрін біліп алдым демеймін, себебі бірден меңгеріп кету мүмкін емес. Білім тәжірибемен, ойыңдағыны өз қолыңмен жасап көрген кезде ғана келеді. Оқисың, оны іс жүзінде жүзеге асырасың. Іске аспаса, қайта көресің» деп бастады әңгімесін Диас.

Аэропоника технологиясын 1911 жылы ғалым А.Арциховский өндіріске енгізген. Топырақты пайдаланбай-ақ қоректік заттарды тамырға аэрозоль түрінде жеткізу арқылы өсімдіктерді ауада өсіру әдісі су мен жер тапшылығын сезінетін елдерде танымал. Өнімді шығынсыз өсірудің мұндай баламалы шешімі АҚШ, Корея, Жапония, Сингапур, Израиль, Индонезия және Жаңа Зеландияда кең қолданылады.

Жас ғалым аэропониканы еліміздегі ең алғашқылардың бірі болып қолға алды. Сондықтан жобасына әу баста қолдауға қарағанда күмәннің көп боларын анық аңғарған. Дегенмен бастаған істі аяқтамай тынбайтын ол байқауларға қатысудан оңайлықпен бас тартпайды.

«Ағайыныңызға емес агрономға барып, өсімдік, көкөністерді топырақсыз өсірейік» деп көріңізші. Ойланбай-ақ қарсы шығады. «Қазақстанда не көп, топырақ көп, бос әурешілік» деген сарында жауап аласыз. Бірақ елімізде су ресурсы тапшы екенін ескеріңіз. Қазақстанның аграрлық потенциалы жоғары. Бірақ бізді бейғамдық пен жемқорлық құртады. Біраз байқауларға қатыстым, жеңіліс көп болды. Шетелдерде жобаң ерекше болса, инвестор табу оңай, ал бізде біраз қиындық тудырады» дейді ол.

### АЭРОПОНИКАНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Дегенмен ол кезекті сапарында кәсіпкер, жас ғалым Арман Тосқанбавпен танысады. Арты әріптестікке ұласып, «Zertis» компаниясы құрылды.

«Арманмен қызығушылығымыз ұқсас болып шықты, мен аэропониканы зерттесем, ол гидропоникамен айналысады екен. Гидропоникамен аэропониканың айырмашылығы неде дейсіз ғой... Екі әдісте де өсімдік топырақсыз өсіріледі. Себебі өсімдікке құнарлы, қоректік заттарды су арқылы ала ма, топырақтан сорып ала ма, бәрібір. Бірақ гидропоникада сіз өсімдікке қажетті қоректік, құнарлы заттарын суда ерітіп, су арқылы оның топырақтарына жеткізесіз. Екінші, инженерлік жұмысы көп. Тағы судың ішіндегі қоректік заттар концентрациясын қалыптастыру қажет. Себебі өсімдіктер қоректік заттарды судан сіңіріп алады. Сол кезде суға қайтадан қоректік заттарын қосуға тура келеді. Екінші, су бір қалыпта тұрып қалмауы тиіс. Әйтпесе түрлі микроорганизмдердің ортасына айналып, иістеніп кетеді. Сол үшін судың айналымы қажет. Гидропоника су, жер ресурстары көп елдерде Малайзия, Сингапур, Израиль, АҚШ-та жақсы дамыған. Ал Қазақстанға су үнемдеу технологиялары қажет. Еліміздің барлық жері бірдей құнарлы емес, кей жерлер көкөніс өсіруге жарай бермейді. Сондықтан аэропоника әдісін елімізде дамытуды мақсат еттік. Барлық өсімдіктердің дамуы мен өсуі үшін бірнеше компоненттер: қоректік орта, су, жарық және ауа қажет. Өсімдіктің тамырын вентиляциялау өсу процесін жылдамдатуға болады, ешқандай жасанды қоспаларға жүгінудің қажеті жоқ. Біздің жағдайда өсімдіктерді осы әдіспен өсіру арқылы қаражатты, суды, жерді және энергияны үнемдейміз. Мысалы, бұл әдісті қолданғанда, су 10 есе аз жұмсалады. Бұл өз кезегінде өндіріске жұмсалған шығынның азаюына байланысты өнімнің бағасы да арзанырақ болады» деп түсіндіреді Диас.

Аэропондық қондырғыларда өсірілген өнімдер таза әрі қауіпсіз. Оттегіге еркін қол жеткізудің арқасында олар топыраққа егілген өсімдіктерге қарағанда әлдеқайда жылдам өседі және жердегі зиянкестермен байланыста болмағандықтан, ауруларға сезімтал емес. Өнім шаң-тозаңсыз жиналады. Сонымен қатар өсімдікті бірнеше қабатпен вертикалды түрде өсіріп орынды үнемдейді. 1 шаршы метрден әжептәуір өнім алуға болады. Қол еңбегі азаяды, трактор қажет емес, нәтижесінде экологияға зияны тимейді.

### МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАННЫҢ ДА МҮМКІНДІГІ БАР

Екі ғалымның бизнес жобасы Bolashak Startup байқауынан грантқа ие болып, соның есебінен қаржыландырылды. Нәтижесінде олар Қарағандыда жертөлені жалға алып, ең алғашқы аэропонды жылыжайын ашты.

«Барлық қажетті құрал-жабдық, қондырғыларды өзіміз жасап шықтық. Себебі нарықта бар заттар. Негізгі мақсат – халықты таза табиғи өніммен қамтамасыз ету, еліміздегі тамақтану орталықтарын, кафе, ресторандарды аэропонды құрылғымен жабдықтау. Жылыжайда о баста жұпар иісті базилик пен рукола көкшөптерінің үш түрі өсірілді» дейді ол.

Кәсіпорынға екі маман жеткілікті. Жұмысбастылық жоқ, өсімдіктерді тапсырыс түскен кезде ғана қырқып алады. Тапсырыс болмаса, дәл сол әдемі күйінде жайқалып өсіп тұра береді. Ал виртуалды агроном барлық процесті өз бетінше бақылап, жүйеге онлайн-қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Сондықтан мұндай жүйені мүмкіндігі шектеулі жандар да басқара алады.

Тапсырыс артқан соң жастар кәсібін ұлғайтуды ойға алып, Арқадан Алматыға қоныс аударады. Әуелі оңтүстік астананың іргесіне жайғасып, сол жерде біраз жұмыс істейді. Кейіннен қаланың қақ ортасынан жайлы орын табылып, сол жерде әрмен қарай жалғастырады.

### АРА ІЗДЕП ӘЛЕККЕ ТҮСЕСІЗ

«Аэропоника арқылы құлпынай, қарбыз алуға болады. Алайда ол да қаншалықты ұтымды, пайдалы? Алдымен осы сұраққа жауап тауып алу керек. Барлық жеміс-жидек түрін өсіруге болады. Бірақ біз пайда көбірек түсетін және аз уақытта өнім беретін өсімдік түрін таңдаймыз. Құлпынайды үй жағдайында аэропоника арқылы өсіріп, өте үлкен табысқа кенелуіңіз әбден мүмкін. Алайда бұл жидекті өсірудің машақаты көп. Сондықтан біз оны өсірмейміз. Рукола, жалбыз, шпинат, базилик, т.б. бәрі – жоғары бағаланатын, елімізге шетелдерден келетін өсімдіктер. Бір ғана жалбыздың келісі 9000 теңгеден басталады. Бұлардың тұқымын егіп өнім алғанша бір жарым ай уақыт кетеді. Бірақ сол өсімдікті түбімен алмай, жапырақтарын ғана кесіп алып отырамыз. Сонда келесі жапырақтары қайтадан 1 ай күттірмей, 1-2 аптаның ішінде өсіп шығады. Оның жапырақтарын осылайша үш рет қиып аламыз, негізі одан да көп өнім алып отыруға болады» деп атап өтті химик.

### ЖЕҢІЛІССІЗ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТУ ЕКІТАЛАЙ

Инновациялық жоба көк шөп өсіріп сатумен шектелмейді, жас ғалымдар топырақсыз өнім алуға қызығушылық танытқандарды оқытып, мектептерде биология сыныптарын жобаға сай жабдықтайды.

«Мектептердегі биологиялық кабинеттерді аэропоникамен айналысуға арналған қондырғылармен жабдықтаймыз. Оларды орнатып, кабинет ішінде соған сай жөндеу жұмыстарын жүргіземіз. Аэропониканың әдіс-тәсілдерін үйретеміз. Оқушылар мектепте инновациялық жобалармен танысып, қолдану арқылы технологияның тілін ерте түсінсе екен дейміз» дейді Диас.

Еліміздегі 22 мектепте жоба жүзеге асқан. Ал 23-іншісі Қырғызстанның Бішкек қаласындағы білім ордасы толықтай топырақсыз өнім алуға арналған қондырғылармен жабдықталған. Бұл олардың түрік еліне тартуы екен. Ал келесі бағыт – аэропоника әдісімен өсімдіктерді үйде өсіргісі келетіндерді қажетті қондырғылармен қамтамасыз ету. Үйде, терезенің жақтауында қалаған өсімдігіңізді топырақсыз өсіре аласыз, қондырғылар ас үйіңізде аядай орын алады.

«Қаладағы дәмханалардан сұраныс жоғары. Айына 400 келі өнім алудамыз әзірше. Жылыжай кешенін екінші қаладан ашу жоспарда бар. Дүкенге барғанда көз алдыңызда өсіп тұрған жеміс-жидек, көкөністердің арасынан піскенін үзіп алып, себетіңізге сүңгітіп жіберер күннің ауылы алыс емес. 140 шаршы метрлік жылыжайда жұмыс істеп жатқанымызға көктемде бір жыл болады. Кәсібімізді аяққа тұрғызуда кем дегенде 60 мың доллар қаражат жұмсалды. Көп іздендік, тәжірибе жинадық, ойлағанымыз іске аспай қалған кездер болды, қателіктерге бой алдырдық, соның арқасында ғана тасымыз өрге домалады. Бір емес, екі рет шаһардан шаһарға көшу – екі-үш есе шығын. Сондықтан қателіктен қорықпау керек, сабақ алу қажет» деп қорытындылады сөзін «ZERTIS» компаниясының директоры Диас Тастанбеков.

Бір қызығы, игі іске түрткі болған гүлдері бүгінде автоматты түрде суарылмайды екен. Кәсіп бастағалы ол мәселе өз шешімін тапқан. Қалай дейсіз бе?! Алматыға қоныс аударып, отбасын құрады. Үйдің шаруасы, өсімдіктер жайы автоматты түрде жеңгемізге өткен.





№19 (4143) 18 ақпан 2021 жыл

www.astana-akshamy.kz

# ДҮЙСЕНБІ

## 22 АҚПАН

6:00 Әнұран
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм.
6:20 «Masele».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Біздің әпке». Телехикая.
12:00 «Нағыз әке». Телехикая.
13:30 «Тұлға».
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Apta». Сараптамалық бағдарлама.
16:00 Телехикая.
17:00 AQPARAT
17:15 «Қызық екен...»
18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ». Тікелей эфир.
21:30 «НАҒЫЗ ӘКЕ». Телехикая.
23:00 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». Телехикая.
23:50 «Оралу». Телехикая.
0:35 AQPARAT
1:10 «Ashyq alań».
2:00 «Тұлға».

6:00 «Отаным десем...». Досымжан Таңатаров
8:00 Телехикая. «Сапарластар хикаясы»
9:15 Телехикая. «Ауылдастар 2»
10:15 «Qalamaimyn»
11:15 Телехикая. «Между небом и землей»
12:45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13:15 Телехикая. «Бөрі»
15:00 «Бүгін». Тікелей эфир
16:00 Телехикая. «Алпыстан асып барамын»
17:00 «Qalamaimyn»
18:00 Мегахит. «Кавалерия»
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 «Баспанаға бағыт». Прямой эфир.
21:00 Итоги дня
21:30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
22:00 Телехикая. «Соңғы үміт»
23:30 «Әсем әуен»
1:00 Телехикая. «Ауылдастар 2»

6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 Союзмультфильм
8:00 М/ф «Маша и медведь»
10:00 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
11:30 «Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
12:30 «Ханзада Ли Сон» корей телехикаясы
14:00 М/ф «Маша и медведь»
14:50 «Вопреки всему» т/сериал
15:50 «Отбасы»
16:20 «Ханзада Жумонг» корей телехикаясы
18:00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
21:00 «Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
22:00 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
23:10 «Ханзада Ли Сон» корей телехикаясы
0:20 «Қош келдіңіз»
1:10 ASTANA TIMES
2:00 «Біреудің есебінен» деректі драма
2:45 «KazNet» ғаламторға шолу
3:05 «Үздік әзілдер»
3:50 «Райское место» т/сериал
5:05 «Отбасы»
5:30 «Бірегей»

6:00 «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ» телехикаясы
6:45 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:15 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
8:00 Телеканал «ДОБРОЕ УТРО» (каз/рус)
11:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13:00 «ПЕНДЕМІЗ ҒОЙ» бағдарламасы
14:15 «112». Тікелей эфир
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «ГОРОД ВЛЮБЛЕННЫХ». Многосерийный фильм
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Дмитрий Паламарчук в многосерийном фильме «ТАКАЯ РАБОТА»
0:00 Александр Устюгов, Алексей Завьялов в многосерийном фильме «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 4»
0:55 Премьера. «ИЩЕЙКА». Новый сезон
2:00 Ночной кинотеатр. «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...»
2:45 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

07.05 "КТК" ҚОРЖЫНЫНАН"
07.30 "МӘССАҒАН.KZ"
08.00 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ" (қайталау)
07.30 "ҚАЙРАН ҚАРТТАР", телехикая.
09.25 "ИНАЯ РЕАЛЬНОСТЬ", (повтор)
10.10 "НЕЖНЫЕ ЛИСТЬЯ, ЯДОВИТЫЕ КОРНИ", детективная драма (повтор)
14.00 "ДЕВЯТЬ ДНЕЙ ДО ВЕСНЫ", остросюжетная мелодрама (повтор)
16.00 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА", остросюжетный детектив
18.00 "БІР КЕМ ДҮНИЕ". Өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 "МАРКУС", детективная мелодрама.
23.30 "БОЕЦ. РОЖДЕНИЕ ЛЕГЕНДЫ", остросюжетный детектив.
01.15 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА", остросюжетный детектив (повтор)
02.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу (қайталау)
02.45 "ТОЙ BESTSTAR", ойын-сауық бағдарламасы
03.50 "МӘССАҒАН.KZ" (қайталау)
04.20 "ҚАЙРАН ҚАРТТАР", телехикая (қайталау)
05.00-05.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

06:00 Ризамын (каз)
07:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
08:30 «Экстрасенсы детективы»
09:30 Корейский сериал «Жазықсыз» (каз) (қайталау)
11:00 Индийский сериал «Ананди» (каз)
13:00 КИНО. Дуэйн Джонсон в фильме «Сокровище Амазонки» (қайталау)
15:20 Сериал «Воронины»
16:00 «Экстрасенсы детективы»
17:00 «Кел татуласайық» (каз)
20:00 Информбюро
21:00 Корейский сериал «Невиновный»
22:20 КИНО. Сэмюэл Л.Джексон в боевике «S.W.A.T.: Спецназ города ангелов» (қайталау)
01:00 КИНО. Джонни Месснер в фильме «Анаконда 2: Охота за проклятой орхидеей» (қайталау)
02:30 «Кел татуласайық» (каз) (қайталау)
04:40 Әзіл студио (каз)

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Т/п «Айна-online»
07.15 Т/х «Элиф»
09.00 Т/с «Машкин дом»
12.30 Т/х «Ерке мұң»
13.30 Премьера! Т/х «Элиф»
15.30 Премьера! Т/с «ИП Пирогова»
16.30 Т/с «Поездка за счастьем»
17.30 Премьера! Т/с «Выбор матери»
18.30 Премьера! Т/с «Спецы»
20.30 Премьера! Т/х «Ерке мұң»
21.30 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
22.20 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
23.20 Скетчком Q-елі
23.40 Т/с «ИП Пирогова»
00.40 Т/с «Выбор матери»
01.40 Т/с «Поездка за счастьем»
02.40 Т/п «Айна-online»
03.10 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
04.00 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
04.40 Т/п «Қуырдақ»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.30 «РЕВЮ» (каз.)
07.55 «Күлкі базар» (каз.)
08.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
09.50 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.00 «ОБЛАЧНО, ВОЗМОЖНЫ ОСАДКИ В ВИДЕ ФРИКАДЕЛЕК» (анимационный фильм)
11.40 «ТИХООКЕАНСКИЙ РУБЕЖ» (фантастический боевик, Чарли Хэннем, Идрис Эльба)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. прямой эфир)
18.30 «РЕВЮ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 Сериал «103»
20.00 «ОТЕЛЬ «АРТЕМИДА» (фантастический боевик, Джоди Фостер, Джефф Голдблюм)
21.50 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
22.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
00.00 «ГЛУБИНА» (фантастический триллер, Брюс Гринвуд, Оливия Уильямс)
01.35 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. повтор)
04.45 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

# СЕЙСЕНБІ

## 23 АҚПАН

6:00 Әнұран
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм.
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Біздің әпке». Телехикая.
12:00 «Нағыз әке». Телехикая.
13:30 «Жан жылуы»
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Тәуелсіздік тәуекелдері».
15:45 «Тәуелсіздік тарландары»
16:00 Телехикая.
17:00 AQPARAT
17:15 «Қызық екен...»
18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ». Тікелей эфир.
21:30 «НАҒЫЗ ӘКЕ». Телехикая.
23:00 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». Телехикая.
23:50 «Оралу». Телехикая.
0:35 AQPARAT
1:10 «Ashyq alań».
1:50 ФУТБОЛ. УЕФА ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫ. 1/8 финал. «ЛАЦИО» (Италия) «Бавария» (Германия) Тікелей эфир

6:00 «Уақыт». Тоқтар мен Бейбіт
8:00 Телехикая. «Сапарластар хикаясы»
9:15 Телехикая. «Ауылдастар 2»
10:15 «Qalamaimyn»
11:15 Телехикая. «Между небом и землей»
12:45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13:15 Телехикая. «Бөрі»
15:00 «Бүгін». Тікелей эфир
16:00 Телехикая. «Алпыстан асып барамын»
17:00 «Qalamaimyn»
18:00 Мегахит. «Операция «Валькирия»»
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 «Баспанаға бағыт». Прямой эфир.
21:00 Итоги дня
21:30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
22:00 Телехикая. «Соңғы үміт»
23:00 Международный турнир по ММА. AMC Fight Nights. Прямая трансляция из Москвы

6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 Союзмультфильм
8:00 М/ф «Маша и медведь»
10:00 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
11:30 «Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
12:30 «Ханзада Ли Сон» корей телехикаясы
14:00 М/ф «Маша и медведь»
14:50 «Вопреки всему» т/сериал
15:50 «Отбасы»
16:20 «Ханзада Жумонг» корей телехикаясы
18:00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
20:55 Loto 5/36. Прямой эфир
21:00 «Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
22:00 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
23:10 «Ханзада Ли Сон» корей телехикаясы
0:20 «Қош келдіңіз»
1:10 ASTANA TIMES
2:00 «Біреудің есебінен» деректі драма
2:45 «KazNet» ғаламторға шолу
3:05 «Үздік әзілдер»
3:50 «Райское место» т/сериал
5:05 «Отбасы»
5:30 «Бірегей»

6:00 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
6:45 «ТОЙ ЗАКАЗ» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:15 «ӘН ДАРИЯ» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 ТЕЛЕКАНАЛ «ДОБРОЕ УТРО» (КАЗ/РУС)
11:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13:00 «ПЕНДЕМІЗ ҒОЙ» БАҒДАРЛАМАСЫ
14:15 «112». ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «ГОРОД ВЛЮБЛЕННЫХ». МНОГОСЕРИЙНЫЙ ФИЛЬМ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 ДМИТРИЙ ПАЛАМАРЧУК В МНОГОСЕРИЙНОМ ФИЛЬМЕ «ТАКАЯ РАБОТА»
0:00 АЛЕКСАНДР УСТЮГОВ, АЛЕКСЕЙ ЗАВЬЯЛОВ В МНОГОСЕРИЙНОМ ФИЛЬМЕ «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 4»
0:55 ПРЕМЬЕРА. «ИЩЕЙКА». НОВЫЙ СЕЗОН
2:00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...»
2:45 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
3:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» БАҒДАРЛАМАСЫ

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 "ҚАЙРАН ҚАРТТАР", телехикая.
08.20 "ҚАРА ТЕҢІЗ". Түрік телехикаясы.
09.30 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ"
10.10 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
10.50 "БЫЛО ДЕЛО"
12.00 "БОЕЦ. РОЖДЕНИЕ ЛЕГЕНДЫ", остросюжетный детектив (повтор)
14.00 "МАРКУС", детективная мелодрама (повтор)
16.00 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА", остросюжетный детектив
18.00 "БІР КЕМ ДҮНИЕ". Өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 "МАРКУС", детективная мелодрама.
23.30 "БОЕЦ. РОЖДЕНИЕ ЛЕГЕНДЫ", остросюжетный детектив.
01.15 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА", остросюжетный детектив (повтор)
02.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу (қайталау)
02.45 "ТОЙ BESTSTAR", ойын-сауық бағдарламасы
03.50 "ҚАЙРАН ҚАРТТАР", телехикая (қайталау)
04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

06:00 Ризамын (каз)
07:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
07:30 Информбюро (повтор)
08:30 «Экстрасенсы детективы» (қайталау)
09:30 Корейский сериал «Жазықсыз» (каз) (қайталау)
11:00 Индийский сериал «Ананди» (каз)
13:00 «What's Up?» (каз)
13:30 Сериал «Воронины»
16:00 «Экстрасенсы детективы»
17:00 «Кел татуласайық» (каз)
20:00 Информбюро
21:00 Корейский сериал «Невиновный»
22:20 Сериал «Паутина»
23:20 Индийский сериал «Ананди» (қайталау) (каз)
01:20 «Кел татуласайық» (каз)
03:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
04:20 Ризамын
05:00 Әзіл студио (каз)

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Т/п «Айна-online»
07.15 Т/х «Элиф»
09.00 Т/п «Смеяться разрешается»
10.30 Т/с «Спецы»
12.30 Т/х «Ерке мұң»
13.30 Премьера! Т/х «Элиф»
15.30 Премьера! Т/с «ИП Пирогова»
16.30 Т/с «Поездка за счастьем»
17.30 Премьера! Т/с «Выбор матери»
18.30 Премьера! Т/с «Спецы»
20.30 Премьера! Т/х «Ерке мұң»
21.30 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
22.20 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
23.20 Скетчком Q-елі
23.40 Т/с «ИП Пирогова»
00.40 Т/с «Выбор матери»
01.40 «Поездка за счастьем»
02.40 Т/п «Айна-online»
03.10 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
04.00 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
04.40 Т/п «Қуырдақ»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.30 «РЕВЮ» (каз.)
07.55 «Күлкі базар» (каз.)
08.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
09.50 «БЕН 10» (мультсериал)
10.20 «УДИВИТЕЛЬНЫЙ МИР ГАМБОЛА» (мультсериал)
10.40 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
11.00 Трэвел-шоу «СЕЛАПОЛЕТЕЛА»
11.40 Сериал «103»
12.10 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
12.30 «ОТЕЛЬ «АРТЕМИДА» (фантастический боевик, Джоди Фостер, Джефф Голдблюм)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. прямой эфир)
18.30 «РЕВЮ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 Сериал «103»
20.00 «КОРОЧЕ» (фантастическая драма, Мэтт Деймон, Кристоф Вальц)
22.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
00.00 «9-Я ЖИЗНЬ ЛУИ ДРАКСА» (детективный триллер, Джейми Дорнан, Сара Гадон)
01.40 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. повтор)
04.50 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

# СӘРСЕНБІ

## 24 АҚПАН

6:00 Әнұран
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм.
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Біздің әпке». Телехикая.
12:00 «Нағыз әке». Телехикая.
13:30 «ТҰЛҒА»
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу.
16:00 Телехикая.
17:00 AQPARAT
17:15 «Қызық екен...»
18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ». Тікелей эфир. (33-бағдарлама)
21:30 «НАҒЫЗ ӘКЕ». Телехикая.
23:00 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». Телехикая.
23:50 «Оралу». Телехикая.
0:35 AQPARAT
1:10 «Ashyq alań». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
1:50 ФУТБОЛ. УЕФА ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫ. 1/8 финал. «БОРУССИЯ МЕНХЕНГЛАДБАХ» (Германия) «МАНЧЕСТЕР СИТИ» (Англия) Тікелей эфир

6:00 «Өмір-өзен». Ұлықпан Жолдасов
8:00 Телехикая. «Сапарластар хикаясы»
9:15 Телехикая. «Ауылдастар 2»
10:15 «Qalamaimyn»
11:15 Телехикая. «Между небом и землей»
12:45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13:15 Телехикая. «Бөрі»
15:00 «Бүгін». Тікелей эфир
16:00 Телехикая. «Алпыстан асып барамын»
17:00 «Qalamaimyn»
18:00 Мегахит. «Антропоид»
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 «Баспанаға бағыт». Прямой эфир.
21:00 Итоги дня
21:30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
22:00 Телехикая. «Соңғы үміт»
23:30 «Әсем әуен»
1:00 Телехикая. «Ауылдастар 2»

6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 Союзмультфильм
8:00 М/ф «Маша и медведь»
10:00 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
11:30 «Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
12:30 «Ханзада Ли Сон» корей телехикаясы
14:00 М/ф «Маша и медведь»
14:50 «Вопреки всему» т/сериал
15:50 «Отбасы»
16:20 «Ханзада Жумонг» корей телехикаясы
18:00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
20:55 Loto 6/49. Прямой эфир
21:00 «Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
22:00 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
23:10 «Ханзада Ли Сон» корей телехикаясы
0:20 «Қош келдіңіз»
1:10 ASTANA TIMES
2:00 «Біреудің есебінен» деректі драма
2:45 «KazNet» ғаламторға шолу
3:05 «Үздік әзілдер»
3:50 «Райское место» т/сериал
5:05 «Отбасы»
5:30 «Бірегей»

6:00 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА» телехикаясы
6:45 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:15 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
8:00 Телеканал «ДОБРОЕ УТРО» (каз/рус)
11:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13:00 «ПЕНДЕМІЗ ҒОЙ» бағдарламасы
14:15 «112». Тікелей эфир
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «ГОРОД ВЛЮБЛЕННЫХ». Многосерийный фильм
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Дмитрий Паламарчук в многосерийном фильме «ТАКАЯ РАБОТА»
0:00 Александр Устюгов, Алексей Завьялов в многосерийном фильме «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 4»
0:55 Премьера. «ИЩЕЙКА». Новый сезон
2:00 Ночной кинотеатр. «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...»
2:45 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 "ҚАЙРАН ҚАРТТАР", телехикая.
08.20 "ҚАРА ТЕҢІЗ". Түрік телехикаясы.
09.30 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ"
10.10 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
10.50 "БЫЛО ДЕЛО"
12.00 "БОЕЦ. РОЖДЕНИЕ ЛЕГЕНДЫ", остросюжетный детектив (повтор)
14.00 "МАРКУС", детективная мелодрама (повтор)
16.00 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА", остросюжетный детектив
18.00 "БІР КЕМ ДҮНИЕ". Өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 "МАРКУС", детективная мелодрама.
23.30 "БОЕЦ. РОЖДЕНИЕ ЛЕГЕНДЫ", остросюжетный детектив.
01.15 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА", остросюжетный детектив (повтор)
02.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу (қайталау)
02.45 "ТОЙ BESTSTAR", ойын-сауық бағдарламасы
03.50 "ҚАЙРАН ҚАРТТАР", телехикая (қайталау)
04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

06:00 Ризамын (каз)
07:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
07:30 Информбюро (қайталау)
08:30 «Экстрасенсы детективы» (қайталау)
09:30 Корейский сериал «Жазықсыз» (каз) (қайталау)
11:00 Индийский сериал «Ананди» (каз)
13:00 «What's Up?» (каз)
13:30 Сериал «Воронины»
16:00 «Экстрасенсы детективы»
17:00 «Кел татуласайық» (каз)
20:00 Информбюро
21:00 Корейский сериал «Невиновный»
22:20 Сериал «Паутина»
23:20 Индийский сериал «Ананди» (повтор) (каз)
01:20 «Кел татуласайық» (каз)
03:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз)
04:20 Ризамын
05:00 Әзіл студио (каз)

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Т/п «Айна-online»
07.15 Т/х «Элиф»
09.00 Т/п «Смеяться разрешается»
10.30 Т/с «Спецы»
12.30 Т/х «Ерке мұң»
13.30 Премьера! Т/х «Элиф»
15.30 Премьера! Т/с «ИП Пирогова»
16.30 Т/с «Поездка за счастьем»
17.30 Премьера! Т/с «Выбор матери»
18.30 Премьера! Т/с «Спецы»
20.30 Премьера! Т/х «Ерке мұң»
21.30 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
22.20 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
23.20 Скетчком Q-елі
23.40 Т/с «ИП Пирогова»
00.40 Т/с «Выбор матери»
01.40 «Поездка за счастьем»
02.40 Т/п «Айна-online»
03.10 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
04.00 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
04.40 Т/п «Қуырдақ»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.30 «РЕВЮ» (каз.)
07.55 «Күлкі базар» (каз.)
08.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
09.50 «БЕН 10» (мультсериал)
10.00 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.20 Трэвел-шоу «СЕЛАПОЛЕТЕЛА»
11.00 Сериал «103»
11.30 «КОРОЧЕ» (фантастическая драма, Мэтт Деймон, Кристоф Вальц)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. прямой эфир)
18.30 «РЕВЮ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 Сериал «103»
20.00 «ЛЮДИ В ЧЁРНОМ 3» (фантастическая комедия, Уилл Смит, Джош Бролин)
22.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
22.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
00.00 «БОЛОТО» (фильм ужасов, Агнес Брукнер, Джонатан Джексон)
01.25 «БІРБОЛАЙЫҚ» (каз. повтор)
04.35 - 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

# БЕЙСЕНБІ

## 25 АҚПАН

6:00 Әнұран
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм.
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Біздің әпке». Телехикая.
12:00 «Нағыз әке». Телехикая.
13:30 «Тәуелсіздік тарландары»
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Қымбат жандар».
16:00 Телехикая
17:00 AQPARAT
17:15 «Қызық екен...»
